

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫ**

2026 жылғы 13 мамыр

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Е.Ж. ҚОШАНОВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Құрметті депутаттар, баршаңызды тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимін қосыңыздар.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 88. Жұмысымызды бастау үшін қажетті кворум бар. Мәжілістің жалпы отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сол бойынша сұрақтарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда күн тәртібін дауысқа қоямын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 88, «жақтағандар» – 87, «дауыс бермегендер» – 1. Күн тәртібі бекітілді.

Енді күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға көшейік.

Бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Нәлқожаұлы Ергешбаевтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.

Сөз Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының хатшысы Өтемісов Шавхат Әнесұлына беріледі.

ӨТЕМІСОВ Ш.Ә. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 8 мамырдағы № 1271 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Нәлқожаұлы Ергешбаев Қызылорда облысының әкімі лауазымына тағайындалды.

Осыған орай Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы сіздердің назарларыңызға Қазақстан Республикасы Конституциясының 52-бабына, «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 24-бабы 3 және 8-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Нәлқожаұлы Ергешбаевтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселені шешу үшін ұсыным енгізіп отыр.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Шавхат Әнесұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті депутаттар, енді қаулы қабылдауымыз керек. Қаулының жобасы сіздерде бар. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 90, «жақтағандар» – 90. Шешім бірауыздан қабылданды.

Құрметті әріптестер, Мұрат Нәлқожаұлымен біз шақырылымның бірінші күннен бастап қоян-қолтық жұмыс істеп келдік. Мәжіліс қабырғасында бірлесіп атқарған белсенді жұмысы үшін әріптесіміз Мұрат Нәлқожаұлына алғыс білдіреміз.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Мұрат Нәлқожаұлы, өткен аптада Қызылорда облысының әкімі болып сайландыңыз, өте жауапты қызмет. Халықтың, Мемлекет басшысының сенімін ақтап, өңірдің өсіп-өркендеуі жолында жемісті еңбек ете беруіңізге тілектеспіз.

Мәжілістің атынан Мұрат Нәлқожаұлына Алғыс хат тапсыруға рұқсат етіңіздер.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ЕРГЕШБАЕВ М.Н. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Ең алдымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың маған туған елге қызмет етуге деген сенімін ақтауда бар күш-жігерімді саламын. Туған жерім Сыр өңірінде қызмет атқару мен үшін үлкен жауапкершілік.

Өткен үш жылдың ішінде Парламент қабырғасында әріптестеріммен қоян-қолтық қызмет атқарып, біраз заңдарды қабылдадық. Оған аз да болса өз үлесім бар деп санаймын.

Өздеріңізбен бірге жұмыс атқарып, үлкен тәжірибе алдым. Соны мақтан етемін. Еліміздің барлық аймақтарынан келген, әр салада қызмет еткен азаматтарға, әріптестеріме мың алғыс айтқым келеді. Мемлекет басшының саясатын іске асыруға аянбай еңбек еткендеріңіз үшін алғыс айтамын.

Келешекте елдің, халықтың өсіп-дамуына бірлесіп жұмыс атқаратынымызға сенемін. Көп рақмет.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Рақмет. Қимай тұрғаныңыз көрініп тұр. Жолыңыз болсын. Сау болыңыз.

Құрметті әріптестер, келесі мәселе «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде.

Сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы депутат Аймағамбетов Асхат Қанатұлына беріледі.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Құрметті Ерлан Жақанұлы, қадірлі әріптестер! Заң жобасы Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру үшін әзірленді.

Заң жобасында бірнеше ордендерді тағайындау бойынша нормалар, сондай-ақ осы ордендер берілетін азаматтардың санаттары айқындалған.

Комитет заң жобасын жұмысқа қабылдауға және қорытынды әзірлеуге дайын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Асхат Қанатұлына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда осы мәселе бойынша қаулыға дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 90, «жақтағандар» – 90.

Шешім қабылданды.

Депутат Аймағамбетов тағы сөз сұрап отыр. Сөз Асхат Қанатұлына беріледі.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Заң жобасы бойынша комитет тиісті жұмысты жүргізді. Арнайы отырыста біз бұл мәселені қарадық.

Жүргізілген жұмыстарды ескере отырып осы заң жобасын қарастыру үшін бүгінгі жалпы отырыстың күн тәртібіне енгізу ұсынылады.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, депутат Аймағамбетов осы заң жобасын қарау үшін бүгінгі отырыстың күн тәртібіне енгізу туралы ұсыныс берді. Қолдаймыз ба?

ОРНЫНАН. Қолдаймыз.

ТӨРАҒА. Онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 90, «жақтағандар» – 89, «дауыс бермегендер» – 1. Шешім қабылданды.

Келесі екі заң жобасы бір-бірімен байланысты, сондықтан олар бойынша ортақ баяндама жасауды ұсынамын.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлауды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының жобалары жөнінде. Бүгін бұл заң жобаларын бірінші оқылымда қараймыз.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Жұманғарин Серік Мақашұлына беріледі.

ЖҰМАНҒАРИН С.М. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Өздеріңізге мәлім, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заң жобасы Парламент палаталарының бірлескен отырысында қаралып, бірінші оқылымда мақұлданды.

Ондағы негізгі түзетулер:

сайлау рәсімдерінің ашықтығын арттыруды, сайлау қорларынан тыс қаржыландыруға тыйым салуды;

әкімдікке кандидаттардың дауыстары тең болған кезде қайта дауыс беру тәртібін белгілеуді;

бір адамның бір мезгілде мәслихат депутаттығына және әкімге кандидат болуға тыйым салуды;

сайлау комиссиялары мүшелеріне қойылатын талаптар мен жауапкершілікті күшейтуді, сенім білдірілген адамдардың мәртебесін нақтылауды;

сайлау комиссиялары мүшелерінің өкілеттіктерін уақытша тоқтату мәселесін реттеуді;

жаңадан құрылған немесе қайта ұйымдастырылған әкімшілік-аумақтық бірліктердегі сайлау комиссиялары мүшелерінің өкілеттік мерзімін айқындауды көздейді.

Аталған конституциялық заң жобасының нормаларын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында әзірленген ілеспе заң жобалары бойынша тоқталсам.

Бірінші. Онлайн-платформаларды пайдалануды және барлық кандидаттар үшін тең жағдайларды қамтамасыз етуді реттейтін нормалар енгізілді.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексте онлайн-платформаларда үгіт материалдарын орналастырудан бас тартқаны және кандидаттар үшін тең емес жағдайлар жасағаны үшін жеке тұлғаларға 20, заңды тұлғаларға 50 айлық есептік көрсеткіш көлемінде әкімшілік жауапкершілік белгіленді.

Екінші. Кандидаттар мен саяси партиялардың сайлау қорларынан басқа, өзге де материалдық көмекті қабылдауға тыйым салынды.

Сайлау қорларынан тыс қаржылық және өзге де материалдық көмек алғаны үшін жеке тұлғаларға 25, ал заңды тұлғаларға 55 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әкімшілік жауапкершілік енгізілді.

Бұдан басқа қолданыстағы конституциялық заңда қаржыландыру ережелерін бұзған жағдайда кандидатты немесе партиялық тізімді тіркеу жөніндегі шешімнің күшін жою туралы конституциялық жауапкершілік көзделгенін де атап өту қажет.

Бұл сайлау науқандарын жасырын және бақылаусыз қаржыландыруға жол бермеуге бағытталған.

Кандидаттың сайлау алдындағы үгіт жүргізуге бөлінген мемлекеттік бюджет қаражатын жұмсау тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік күшейтіледі.

Мұндай бұзушылықтар үшін әкімшілік айыппұл мөлшері 5-тен 25 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтылады. Бұл бюджет қаражаты нысаналы және ашық пайдалануға ықпал етеді.

Бұдан басқа, ілеспе заңдарда мәслихаттың құзыретін «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның нормаларымен сәйкестендіруді көздейтін редакциялық түзетулер енгізілді.

Жалпы, ұсынылған шаралар адал бәсекелестікті қамтамасыз етуге, сайлау процесінің барлық қатысушылары үшін түсінікті және бірыңғай ережелер белгілеуге арналған.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.
Құрметті әріптестер, сұрақ қою рәсіміне көшейік.
Депутат Әлішев Қазыбек Құрманғалиұлы.

ӘЛІШЕВ Қ.Қ. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.
Сұрақтарым баяндамашыға.

Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңнамасында жергілікті қоғамдастық жиналысының әкімді лауазымнан босату туралы мәселеге бастамашылық жасауы жөніндегі мәселені мәслихаттың қарауы көзделген.

Ұсынылған тәртіпке сәйкес әкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселені қоса алғанда, жергілікті қоғамдастық жиналысының күн тәртібін аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент және ауылдық округ әкімдері өздері бекітеді.

Мен тұрғындар мен сайлаушылардың әкімге сенімсіздік білдіру құқығын қолдаймын, бірақ бір мәселені нақтылау қажет. Жергілікті қоғамдастық жиналысының күн тәртібін әкімдердің өздері бекітуіне қандай қажеттілік бар? Бұл жерде мүдделер қақтығысы болмай ма? Рақмет.

ЖҰМАНҒАРИН С.М. Сұрақтарыңызға рақмет.

Жергілікті қоғамдастық жиналысының ондай құқығы бар. Негізі жиналыстың күн тәртібі әкімнің жеке шешімімен бекітілмейді, ол жергілікті қоғамдастық жиналысының мүшелерімен және әкімнің ұсыныстары негізінде жиналыс мүшелерінің дауыс беруі арқылы бекітіледі. Бұл жерде әкімнің рөлі – жиналысты ұйымдастыру, дайындау және өткізу. Жергілікті қоғамдастық жиналыс әкімді лауазымынан босату немесе босатпау туралы шешім қабылдайды және оны аудандық мәслихатқа жібереді. Аудандық мәслихат мүшелері дауыс бергеннен кейін соңғы шешімді аудан әкімі қабылдайды. Сол себепті бұл норма мүдделер қақтығысын тудырмайды және осы салада тепе-теңдік орнатуға мүмкіндік береді деп ойлаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Нұралдинов Олжас Елтайұлы.

НҰРАЛДИНОВ О.Е. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос адресован представителям Центральной избирательной комиссии и Министерства искусственного интеллекта и цифрового развития.

Действующим Конституционным законом «О выборах в Республике Казахстан» предусмотрен механизм отзыва депутатов маслихатов. Вместе с тем действующая процедура отзыва предполагает необходимость сбора не менее 10 процентов голосов избирателей и оформления подписей на бумажных носителях. На практике это может сопровождаться рядом трудностей, связанных как с организацией процесса сбора подписей, так и с проверкой их достоверности и подлинности.

В условиях курса на цифровизацию и развитие искусственного интеллекта данные вопросы приобретают особую актуальность, поскольку использование исключительно бумажных форм усложняет процедуру, снижает ее прозрачность и оперативность.

В этой связи вопрос: не планируете ли вы оцифровать данный процесс, а также облегчить процедурные моменты института отзыва депутатов? Рақмет.

ТӨРАҒА. Орталық сайлау комиссиясының хатшысы Шавхат Әнесұлы Өтемісов.

ӨТЕМІСОВ Ш.Ә. Спасибо за вопрос.

Согласно Конституционному закону «О выборах в Республике Казахстан» территориальные избирательные комиссии размещают на своем интернет-ресурсе форму для сбора подписей при отзыве депутата. Вместе с тем цифровизация данного процесса сегодня законом не предусмотрена. Мы считаем, что при внедрении любых цифровых технологий в избирательный процесс этот вопрос должен быть тщательно изучен.

Во-первых, при использовании цифровых решений важно учитывать ряд обстоятельств, в том числе уровень технологической подготовленности, доступ к интернет-связи, особенно в отдаленных населенных пунктах.

Большого внимания требует обеспечение информационной безопасности, ведь подписные листы с данными подписавшихся могут оказаться в свободном доступе. В настоящее время при создании всех этих условий мы готовы рассмотреть данный вопрос.

А в целом мы сейчас изучаем зарубежный опыт, ведется подготовительная работа, но необходимо создание соответствующих условий. Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, вице-министр искусственного интеллекта и цифрового развития Ростислав Анатольевич Коняшкин.

КОНЯШКИН Р.А. Добрый день! Рақмет за вопрос.

Касательно технологических возможностей для реализации. Соответствующие возможности имеются, но нужно понимать, что это в любом случае должно быть оцифровано только на государственных платформах, которые смогут обеспечить необходимый уровень идентификации пользователя, гражданина, который будет голосовать с использованием электронной цифровой подписи, инструментов биометрической идентификации.

В случае, если данный вопрос будет рассмотрен, изучен международный опыт и это подтвердит свою эффективность и необходимость, мы готовы вместе с коллегами более детально и технически проработать.

ТӨРАҒА. Депутат Абден Қарақат Жақсылыққызы.

АБДЕН Қ.Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрақтарым баяндамашыға.

Құрметті Серік Мақашұлы! Қолданыстағы заң бойынша мемлекет кандидаттарға үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін тең мүмкіндік береді. Ал қаралып отырған заң жобасында «республикалық бюджет» деген ұғымды «мемлекеттік бюджет» деп ауыстыру ұсынылып отыр. Өзіңіз білесіз, мемлекеттік бюджетке жергілікті бюджет те кіреді.

Осыны нақтылап айтсаңыз. Бұл өзгерістер не үшін енгізіліп отыр? Осыдан кейін сайлауға байланысты шығындар республикалық бюджеттен қаржыландырыла ма, жоқ, жергілікті бюджеттен қаржыландырыла ма? Рақмет.

ЖҰМАНҒАРИН С.М. Сұрақтарыңызға рақмет.

Жалпы, бұл өзгерістер нақтылау және жүйелілік сипатқа ие. Қолданыстағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 125-бабында республикалық бюджеттен берілген қаражаттың сайлау алдындағы үгіт-насихатты жүргізуге нысаналы жұмсалмауына байланысты жауапкершілік көзделген. Біз әкімдер сайлауына қаражатты жергілікті бюджеттен бөлеміз. Бұл қазіргі кезде қайшы, себебі ол құқықтық реттеуден тыс қалды.

Бұл норма бізге бүкіл бюджет жүйесін қамтуға және реттеуге мүмкіндіктер береді.

Сайлауға байланысты басқа ешқандай өзгерістер болмайды, қолданыстағы заңдағы сол қалпында қалады. Мысалы, президенттік сайлау, депутаттарды сайлау республикалық бюджеттен қаржыландырылады, ал ауылдық әкімдердің сайлауы жергілікті бюджеттен қаржыландырылады, ол сол күйінде қалады, солай жүзеге асырылады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Құспеков Олжас Хайроллаұлы.

ҚҰСПЕКОВ О.Х. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрағым баяндамашыға және Орталық сайлау комиссиясының өкіліне.

Осы заң жобасында онлайн-платформалар арқылы сайлау алдындағы үгіт жүргізу шарттарын бұзғаны үшін онлайн-платформаларды пайдаланушыларға әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Осы нормаларды енгізу жауаптылық субъектілері қатарын едәуір кеңейтіп, жаңа саланы, яғни онлайн-платформаларды пайдаланушылардың қызметін қозғайды.

Бұқаралық ақпарат құралдарымен қатар онлайн-платформаларды пайдаланушыларға жауаптылықты қолдану қажеттілігі немен байланысты?

ЖҰМАНҒАРИН С.М. Бұл қазіргі уақыттағы жаңа технологиялармен, трендтермен байланысты. Бұрын үгіт жүргізу материалдарын таратудың негізгі көзі дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары болған, біз соған үйренгенбіз. Қазір онлайн-платформалар, әлеуметтік желілер дамуда. Олардың аудиториясы бұрынғы бұқаралық ақпарат құралдарынан да көп, кеңірек. Сондықтан бұл ағымдағы жағдайды қалпына келтіру үшін жасалуда. Басқа ешқандай өзгеріс жоқ, тек үгіт жүргізу кезіне осындай нормалар енгізген.

Заң жобасы азаматтардың пікір білдіру еркіндігіне ешқандай шектеу қоймайды. Рақмет.

ТӨРАҒА. Орталық сайлау комиссиясының хатшысы Шавхат Әнесұлы.

ӨТЕМІСОВ Ш.Ә. Мен бір мәселеге назар аударғым келеді. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Заңға сәйкес онлайн-платформаны пайдаланушылардың міндеттері бекітілген. Бұл норма 2023 жылдан бастап күшіне енді. Міндеттері бар. Бірақ қолданыстағы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік

көрсетілмеген. Қолданыстағы заңды бұзғаны үшін жауапкершілік тек бұқаралық ақпарат құралдарына қарастырылған. Сондықтан осы норма ұсынылып. Бұл қазіргі теңсіздікті реттейді және онлайн-платформаларды пайдаланушылардың жауапкершілігін күшейтеді деген сенімдеміз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Ким Вера Александровна.

КИМ В.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мои вопросы адресованы докладчику и представителю Центральной избирательной комиссии в продолжение предыдущего вопроса моего коллеги.

Поясните, пожалуйста, как на практике будут устанавливаться факты нарушений пользователями онлайн-платформ в предоставлении необходимого объема информации либо факты создания преимуществ одному из кандидатов? Каким образом будет осуществляться контроль за пользователями онлайн-платформ по исполнению требования о предварительном уведомлении избирательной комиссии о размере оплаты, условиях и порядке предоставления эфира? Какой орган уполномочен выявлять и фиксировать данные нарушения? Спасибо.

ЖҰМАНҒАРИН С.М. Спасибо за вопросы.

Контроль за осуществлением правил проведения предвыборной агитации осуществляется Центральной избирательной комиссией и соответствующими территориальными избирательными комиссиями. Факты нарушений устанавливаются на основе обращений заинтересованных лиц, также сторонних наблюдателей.

В чем это может выражаться? В предоставлении различного объема времени, материалов, неодинаковых условий оплаты и так далее. Все это счетные вещи, считается количество знаков, количество времени, сравниваются посты, сравниваются сторисы, условия размещения и так далее. Если одному человеку было позволено разместиться, а второму было отказано разместиться в это же время.

Требование о предварительном уведомлении избирательной комиссии о размерах оплаты, детализации, условиях оплаты уже существует в действующих правилах.

Контроль осуществляется в соответствии с действующими процедурами по законодательству об административных правонарушениях. Уполномоченным органом выступают органы прокуратуры, рассмотрение дел относится к компетенции суда. Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, представитель ЦИК Шавхат Анесович.

ӨТЕМІСОВ Ш.Ә. Ерлан Жақанұлы, я думаю, был дан достаточно подробный ответ. Я поддерживаю данный ответ.

ТӨРАҒА. Депутат Сәрсенғалиев Нартай Аралбайұлы.

СӨРСЕНҒАЛИЕВ Н.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрақтарым онлайн-платформаларға қатысты.

Нақты бір мысалға сүйенейік. Қазір Орталық сайлау комиссиясына онлайн-платформаның иелері сайлау алдында келіп тіркелуі керек. Яки, менің YouTube арнасындағы бір сұхбатымның құны осыншама, бір постымның құны осыншама, бір reels-імнің құны осыншама дегендей қаражаттарын көрсетеді. Бірақ осы жерде бір теңсіздік пайда болады. Оған бір мысал келтірейін.

Бір YouTube арнасы бір кандидатпен немесе саяси ұйымның өкілімен сұхбаттасты, ол сұхбаты жариялады, Орталық сайлау комиссиясында көрсетілген ресми ақшасы төленді. Бірақ сол сұхбатты басқа бір YouTube арна көшіріп басса немесе басқа бір онлайн-платформаның өкілі үзіндісін әлеуметтік желіге жарияласа, ол мен бұл кандидатқа, саяси ұйымға қатысым жоқ, тек оның ұстанымы ұнап қалды деп айтуы мүмкін. Оларға жауапкершілік қарастырылмаған. Бұны жұмыс тобында уәкілетті органның өкілдері де растады.

Осы теңсіздікті қалай жоямыз? Қолданыстағы норма бойынша қазіргі кезде кімнің әкімшілік ресурсы бар, кімнің онлайн-платформада таныс-тамыры көп, сол үгіт-насихатын көбірек жүргізуге мүмкіндік алады. Осы қалай жүзеге асатынын айтыңызшы.

Екінші сұрақ Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкіліне.

Осы заң жобасының 112-бабында «ақпарат көлемі» деген түсінік бар, яғни онлайн-платформада ақпарат көлемі шектеледі. Бірақ бізде ресми ақпарат көлемі тек байтпен өлшенеді, яғни килобайтпен, гигабайтпен, терабайтпен. Ал біздің мақсат – шығатын үгіт-насихат материалдарының санын шектеу, санын ресми біліп отыру. Сондықтан мен «ақпарат көлемі» деген түсініктің орнына «онлайн-платформада жарияланған материалдар саны» деп өзгерту туралы ұсыныс берген болатынмын. Осыны қолдайсыздар ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Орталық сайлау комиссиясының хатшысы Шавхат Әнесұлы Өтемісов.

ӨТЕМІСОВ Ш.Ә. Сұрақтарыңызға рақмет, Нартай Аралбайұлы.

Әрине, сіз айтып отырған жағдай, яғни кандидатқа қатысымыз жоқ деп басқа интернет-ресурстарда, YouTube арналарында жарияланған материалдарды таратып, жасырын қолдау көрсетуді көздейтін фактілер орын алуы мүмкін.

Сонымен қатар қолданыстағы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Заңның 28-бабына сәйкес жеке және заңды тұлға бір кандидатты немесе бір партияны қолдап үгіт жүргізетін болса, олар міндетті түрде сол кандидаттан немесе сол партиядан қабылдаймын деген келісімін алуы қажет және ол жазбаша түрде берілуі керек. Егер ондай келісім болмаса, онда ол заң бұзушылық боп танылады және ол бойынша жауапкершілік заңда қарастырылған.

«Ақпарат көлемі» ұғымын өзгерту бойынша берген ұсынысыңызға рақмет. Біз қолдаймыз. Егер жұмыс тобы қарсы болмаса, біз оған қарсы емеспіз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Мәдениет және ақпарат вице-министрі Евгений Дмитриевич Кочетов.

КОЧЕТОВ Е.Д. Сұрағыңызға рақмет, құрметті Нартай Аралбайұлы.

Біздің мақсат – бұқаралық ақпарат құралдарын және онлайн-платформаларды пайдаланғаны үшін табысты арттыру және ол жерде адал жағдай жасау. Сондықтан біз ұсынысты қолдаймыз. Оны екінші оқылымға дейін Орталық сайлау комиссиясымен бірге пысықтау қажет. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Шаталов Никита Сергеевич.

ШАТАЛОВ Н.С. Рақмет құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос адресован представителю Центральной избирательной комиссии.

Давайте представим следующую гипотетическую ситуацию: кандидат или партия распространили среди избирателей агитационную атрибутику (например, кепки с логотипом), один экземпляр оказался у блогера с большой аудиторией около 10 – 100 тысяч подписчиков, в период агитации он регулярно демонстрирует эту атрибутику в своих публикациях и открыто поддерживает кандидата или партию. При этом блогер действует безвозмездно, нет оплаты, договора, заказа публикаций или подтвержденной координации с кандидатом или партией.

Как в такой ситуации ЦИК будет квалифицировать действия блогера – как самостоятельную агитацию гражданина, как скрытую агитацию либо как элемент кампании, который должен отражаться в расходах и отчетности?

Какие критерии будут применяться для установления согласованности или координации, какие правовые последствия возможны как для блогера, так и для кандидата или партии?

Отдельно прошу подтвердить, при отсутствии оплаты и договоренностей возникает ли у блогера обязанность предоставлять свою площадку другим кандидатам на условиях равного доступа, или такая добровольная поддержка не будет рассматриваться как нарушение принципа равенства участников кампании? Рақмет.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Шавхат Анесович.

ӨТЕМІСОВ Ш.Ә. Никита Сергеевич, спасибо за вопросы, они в некоторой степени перекликаются с вопросом Нартая Аралбаевича.

Блогер, о котором Вы говорите, не вступал в договорные взаимоотношения с кандидатом или политической партией. В статье 28 Закона «О выборах в Республике Казахстан» четко прописано: если кандидат или юридическое лицо принимают участие в агитации за какого-то кандидата или партию, то они должны предварительно получить их письменное согласие на принятие этих услуг. Если такого письменного согласия нет, тогда это считается скрытой агитацией, за это предусмотрена ответственность статьей 118 Кодекса об административных правонарушениях.

Блогер, о котором Вы сказали, никак не контактировал с кандидатом, его действия будут квалифицироваться как скрытая агитация.

Что касается обязанности блогера предоставлять площадку другим кандидатам или партиям, это зависит от того, совершал ли он до этого такие договорные взаимоотношения с каким-нибудь другим кандидатом. Если блогер на договорной основе уже предоставлял

площадку какому-нибудь кандидату или партии, то он обязан предоставлять эту площадку и для других. Если кандидаты не оплачивают, то у него такой обязанности нет, все зависит от договорных взаимоотношений, в этом должна быть обоюдная заинтересованность. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Кучинская Юлия Владимировна.

КУЧИНСКАЯ Ю.В. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мои вопросы адресованы докладчику и представителю Министерства юстиции.

Проектом закона предлагается увеличить штраф за нецелевое расходование бюджетных средств, выделенных из республиканского бюджета кандидатам в депутаты или на иную выборную должность с 5 МРП до 25 МРП, об этом Вы говорили в Вашем докладе, уважаемый Серик Макашевич. При этом статья 125 вводит ответственность за нарушение порядка расходования средств, выделенных из государственного бюджета на проведение предвыборной агитации, однако штраф предусмотрен только за нецелевое использование.

В связи с этим у меня три вопроса.

Почему нет нормы, обязывающей, помимо уплаты штрафа, вернуть выделенные средства в бюджет в полном объеме? Поддерживаете ли Вы введение такого обязательства?

Какая ответственность предусмотрена, если средства были использованы согласно цели, но с нарушением порядка? Например, отсутствуют подтверждающие документы, оформленные должным образом, оплата услуг проведена с нарушением сроков, нет полной информации о заказе и так далее.

В статье указаны только кандидаты, то есть физические лица. Правильно ли я понимаю, что на политические партии данная ответственность не распространяется, или этот вопрос урегулирован другими статьями? Благодарю за ответы.

ЖҰМАНҒАРИН С.М. Спасибо.

На самом деле некоторые вещи урегулированы другими законами. Вопрос возврата бюджетных средств, использованных с нарушением, урегулирован в Бюджетном кодексе и Законе «О государственном аудите и финансовом контроле». Любые средства, использованные с нарушением, автоматически подлежат возврату по итогам акта проверки.

Что касается нарушения порядка оформления, то средства выдаются только после проверки документов, поэтому такая ситуация является гипотетической, которую сложно представить. Сначала документы, потом деньги, а не наоборот. Если такой случай и произойдет, то это уже ответственность тех, кто проверял. В любом случае эта тема строго лимитирована.

Что касается финансирования. Согласно Конституционному закону «О выборах в Республике Казахстан» из государственного бюджета не покрываются расходы тех кандидатов в депутаты, которые баллотируются по спискам партий, поэтому этот вопрос тоже урегулирован. Спасибо.

ТӨРАҒА. Әділет вице-министрі Лаура Қанатқызы Мерсалимова, екінші сұраққа жауап беріңіз.

МЕРСАЛИМОВА Л.Қ. Қайырлы күн, құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар!

Уважаемая Юлия Владимировна! В принципе, Серик Макашевич дал ответ на Ваш вопрос. Единственное, я хотела бы дополнить, что статья 125 рассматривает нарушение порядка расходования средств, но в данном случае ключевое значение имеет именно состав правонарушения, который предусматривает ответственность за нецелевое расходование кандидатами в депутаты или на иную выборную должность средств, выделенных из государственного бюджета.

Что касается возврата бюджетных средств, то это не является мерой административного взыскания, соответственно, не может быть предусмотрено в Кодексе об административных правонарушениях и регламентировано непосредственно Бюджетным кодексом и Законом «О государственном аудите и финансовом контроле». Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Дайрабаев Жигули Молдақалықұлы.

ДАЙРАБАЕВ Ж.М. Рақмет, құрметті Төраға.

Сұрағым Орталық сайлау комиссиясының хатшысы Шавхат Әнесұлына.

Біз учаскелік сайлау комиссияларының дауыс беру қорытындылары туралы хаттамаларын Орталық сайлау комиссиясының ресми интернет-ресурсында міндетті түрде жариялауды көздейтін түзету ұсындық.

Аталған түзету сайлау нәтижелерінің ашықтығы мен айқындығын арттыруға, азаматтардың сайлау процесіне деген сенімін күшейтуге бағытталған және халықаралық байқаушылар институтының ұстанымдары мен халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді. Сонымен қатар бұл норма техникалық тұрғыдан іске асыруға қолайлы және айтарлықтай қосымша шығындарды талап етпейді.

Орталық сайлау комиссиясының аталған түзетуге ұстанымы қандай?

ТӨРАҒА. Орталық сайлау комиссиясының өкілі Шавхат Әнесұлы.

ӨТЕМІСОВ Ш.Ә. Жигули Молдақалықұлы, сұрағыңызға рақмет.

Бұл мәселе көтерілген, қазір талқылануда. Ең алдымен біз қауіпсіздік мәселесін нақтылап алуымыз керек. Себебі бұл мәселе интернет-ресурстардың техникалық жағынан дайындығына қатысты.

Жалпы, жұмыс тобында норма қолдау тапса, біз оған қарсы емеспіз.

ТӨРАҒА. Депутат Зайыт Ринат Рифхатұлы.

ЗАЙЫТ Р.Р. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрақтарыма ұқсас екі сұрақ қойылды, бірақ екеуіне де мардымды жауап болмады. Сұрақтарым онлайн-платформаларды пайдаланушыларға қатысты.

Шавхат Әнесұлы жаңа сіз келісімі болмаса жауапқа тартылады дедіңіз. Мен дұрыс түсіндім бе?

Мысал келтірейін. Менің достарым бар, 50 мың, 100 мың жазушылар бар, олар ешқандай партияның мүшесі емес. Ол сайлаушылардың ықылас-көңілі түсіп мына партия маған ұнайды дейді де салады. Қалғаны да салуға міндетті ме? Қандай тәртіппен салады? Олардың ұнамайды деп айтуға хақысы бола ма? Осыны түсінбедім. Бұл бірінші сұрақ.

Екінші. Өткен сайлауда бұндай жағдайды көрдік. Біздің партиямыздың атынан Мемлекет басшысының суретін салып өтірік листовка жабыстырғаннан бастап менің офисімді «АМАНАТ» өртетті деген партияларды да көрдік. Бәсекелестіктің сайлау кезіндегі тәртібі неге енгізілмеген? Оны енгізуге қалай қарайсыздар? Рақмет.

ТӨРАҒА. Орталық сайлау комиссиясының өкілі Шавхат Әнесұлы.

ӨТЕМІСОВ Ш.Ә. Екінші сұрағыңыздан бастайын. Жалпы, бұл заң бұзушылық. Ол жерде аумақтық сайлау комиссиялары шара қолданып, прокуратура органдарының назарын аударуы керек деп ойлаймыз.

Дұрыс айтасыз, бұл бәсекелестікті бұзады. Бұны біз жалған ақпарат тарату арқылы басқа партияның жұмысын жоққа шығаруды көздейтін шаралар деп түсінеміз.

Бірінші сұрағыңыз бойынша. Мысалы, сіз айтып отырған тұлға бір кандидат туралы үгіт жұмысын жүргізеді, бірақ оның үгіт жүргізуі үшін кандидаттың ол қызметті қабылдаймын деген жазбаша келісімі керек. Заңда солай жазылған. Егер норманы өзгерту қажет болса қарастыруға болады. Қолданыстағы «Сайлау туралы» Заңның 28-бабында бұл норма нақты көрсетілген.

ТӨРАҒА. Ринат Рифхатұлының микрофонын қосыңыздар.

ЗАЙЫТ Р.Р. Бұл Конституцияға қарама-қайшы емес пе? Сонда адамның таңдау еркіндігі, пікір еркіндігі, ой еркіндігі қайда қалды? Мысалы, ауылда тұратын бір апамыз бағдарламаны көріп осыларға ризамын дейді. Ол үгіт-насихат жүргізу емес қой. Ол кіммен келіседі, оны қайдан іздейді?

ТӨРАҒА. Орталық сайлау комиссияның өкілі.

ӨТЕМІСОВ Ш.Ә. Ринат Рифхатұлы, заңда солай көрсетілген. Тағы бір норма бар. Егер ол адамның сайлау қоры құрылмаса, онда қолдау көрсетуге болады. Ондай норма бар. Ал қор құрып, оған қосымша қаражат тартып, үгіт жұмысын жүргізетін тұлғалар міндетті түрде кандидаттың келісімін алуы тиіс.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, сонымен сұрақтарымыз аяқталды.

Серік Мақашұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті депутаттар, енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі депутат Шапақ Үнзилаға беріледі.

ШАПАҚ Ү. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлауды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заң жобаларын қарап, келесіні атап өтеді.

Аталған заң жобалары «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға енгізілген өзгерістерге байланысты сайлау жүйесін жетілдіруге және ілеспе заңнаманы кешенді түрде сәйкестендіруге бағытталған.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлауды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы мынадай түзетулерді көздейді:

округтік сайлау комиссиялары мүшелерін сайлау тәртібін нақтылау;
мәслихат депутаттарының өкілеттігін тоқтату нормаларын сәйкестендіру;
жергілікті өзін-өзі басқару органдарының интернет-ресурстарында қоғамдық жиналыстар туралы ақпаратты міндетті түрде жариялау.

Екінші заң жобасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер енгізеді.

Бұл заң жобасында:

сайлау қорынан тыс қаржыландыру үшін әкімшілік жауапкершілік енгізу;
онлайн-платформаларда үгіт жүргізу, сайлауалды пікірталастардың тәртібін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті белгілеу қарастырылған.

Сонымен қатар заң жобаларында негізгі конституциялық заң жобасының нормаларына сәйкестендіру мақсатында редакциялық түзетулер көзделген.

Заң жобаларын қарау барысында қосымша түзетілер келіп түсті. Мәселен:

Мемлекет басшысының аудан және облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің сайлау институтын қайта қарау туралы тапсырмасын орындау мақсатында осы әкімдерді мәслихаттар келісімі бойынша тағайындау моделіне қайта көшу туралы өзгерістер ұсынылды;

бас прокуратураның Активтерді қайтару комитетін Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитетіне айналдыруға байланысты «Прокуратура туралы» түзетулер түсті;

сонымен қоса конституциялық реформа аясында 70-ге жуық заңға түзетулер ұсынылып және Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару, Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуде.

Аталған түзетулер екінші оқылымға дейін қаралатын болады.

Заң жобалары бойынша Парламент Мәжілісінің тұрақты комитеттері оң қорытындыларын ұсынды.

Ұлттық экономика министрлігі, Орталық сайлау комиссиясы, Бас прокуратура, Ішкі істер, Әділет, Қаржы, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрліктері өкілдерінің, Парламентаризм институты, Астана қаласы мәслихаты мен облыстық мәслихаттар өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының бірқатар отырыстары өткізілді.

Жұмыс тобының отырыстары барысында Мәжіліс депутаттары заң жобаларының ережелерін жетілдіретін және олардың редакциясын жақсартатын біршама түзетулер ұсынды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып комитет осы заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назар аударғандарыңыз үшін рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, енді талқылауға көшеміз.

Сөз депутат Сағандықова Ажар Бақытқызына беріледі.

САҒАНДЫҚОВА А.Б. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Законопроектом по вопросам совершенствования выборов предлагается привести нормы Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» в соответствие с Конституционным законом Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», что позволит обеспечить правовую определенность, прозрачность процедур и соблюдение баланса интересов всех участников избирательного процесса.

Кроме того, важным нововведением является дополнение Закона Республики Казахстан «О доступе к информации» нормой об обязательной публикации сведений о составе собрания местного сообщества на интернет-ресурсах органов местного самоуправления.

Данная мера направлена на повышение открытости и подотчетности органов местного самоуправления, а также на расширение возможностей граждан по получению достоверной и актуальной информации.

Актуальность предлагаемых изменений обусловлена необходимостью устранения правовых пробелов в регулировании процедуры и порядка инициирования отзыва депутата, избранного по одномандатному территориальному избирательному округу. На практике отсутствие четко прописанного механизма порождает разночтения и затрудняет единообразное применение норм, что в конечном итоге негативно сказывается на доверии граждан к институту представительной власти.

Предлагаемые поправки в Кодекс Республики Казахстан «Об административных правонарушениях» являются своевременными и необходимыми для обеспечения прозрачности и законности избирательного процесса. В первую очередь поправки направлены на установление ответственности кандидатов за привлечение финансирования и получение иной материальной помощи вне рамок избирательных фондов.

Данная норма имеет принципиальное значение, поскольку финансовая дисциплина является основой честных и равных выборов. Использование неучтенных средств и иных форм материальной поддержки создает неравные условия для кандидатов и искажает волеизъявление граждан.

Второй важный блок изменений касается ответственности пользователей онлайн-платформ. В условиях активного развития цифрового пространства именно интернет стал одним из основных инструментов предвыборной агитации и политических дебатов. При

этом действующее законодательство не в полной мере регулировало ответственность за нарушение порядка онлайн-агитации, предвыборных дебатов, а также за публикацию результатов опросов общественного мнения и прогнозов итогов выборов с нарушением установленных требований.

Отсутствие четких правовых механизмов в данной сфере создавало условия для манипуляций общественным мнением и распространения недостоверной информации в период избирательных кампаний.

Вводимые нормы направлены на устранение этого пробела и формирование единых правил для всех участников избирательного процесса в цифровой среде.

Считаю рассматриваемые законопроекты важными и своевременными, поскольку они направлены на дальнейшее совершенствование избирательного законодательства и укрепление доверия граждан к институту выборов.

Учитывая вышеизложенное, я поддерживаю данные законопроекты и прошу коллег также его поддержать. Благодарю за внимание. Доклад окончен.

ТӨРАҒА. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заңдардың жобаларын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Осы ұсынысты дауысқа қоямын.

Бірінші кезекте «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлауды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі қаулыға дауыс берулеріңізді сұраймын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 90, «жақтағандар» – 87, «қарсылар» – 2, «қалыс қалғандар» – 1. Шешім қабылданды.

Келесі кезекте «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі қаулыға дауыс берулеріңізді сұраймын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 90, «жақтағандар» – 87, «қарсылар» – 2, «қалыс қалғандар» – 1. Шешім қабылданды.

Серік Мақашұлына, шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне телекоммуникациялар нарығын және деректерді өңдеу орталықтарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым).

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Мәдиев Жаслан Хасенұлына беріледі.

МӘДИЕВ Ж.Х. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті Мәжіліс депутаттары! Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында үш жыл ішінде толыққанды цифрлық ел құру бойынша стратегиялық міндет қойды. Алайда жаппай цифрландыру және жасанды

интеллектіні дамыту сапалы байланыс инфрақұрылымы және заманауи Data-орталықтарынсыз мүмкін емес.

Соңғы үш жылда телекоммуникация саласына құйылған инвестиция 1 триллион теңгеден асты. Бұл қазірдің өзінде нақты нәтиже беруде. Соңғы екі жылда тіркелген байланыс абоненттер саны 19 пайызға, ұялы байланыс 12 пайызға өсті. Мобильді интернеттің орташа жылдамдығы 75 пайызға, ал интернет-трафиктің көлемі 67 пайызға артты, яғни, барлық бағытта өсім бар. Трафик те, жылдамдық та, абоненттер саны да тұрақты өсуде. Бұл өсім мобильді операторлардың ең көп қаржы салатын базалық станциялар желісін кеңейтудің есебінен қамтамасыз етіліп отыр.

Ескірген 3G технологиясын жүйелі түрде қысқартып келеміз. Тек 3G-мен ғана қамтылған ауылдар саны 4G-ге жаңғырту есебінен биыл бес есе қысқарып, 550 ауылға дейін азайды. 5G базалық станцияларының белсенді құрылысы жалғасуда.

Өткен жылы сала тарихындағы ең ірі жобалар іске қосылды. Алдағы екі жылда 3,5 мыңнан астам ауылды жоғары жылдамдықты интернетке қосу жоспарланып отыр. Бұл ауылдарды оптикалық интернетпен қамтуды қазіргі 43 пайыздан 92 пайызға дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Биыл республикалық маңызы бар автожолдар, ал келесі жылы негізгі облыстық автожолдар мобильді интернетпен қамтылады.

Ұялы байланыс инфрақұрылымын жаңғыртудың ауқымды жобалары туралы айтып өттім. Сондай-ақ спутниктік интернет арқылы ел аумағы толық қамтылады.

Биыл спутниктік интернетті пойыздар мен ұшақтарға енгізу жоспарланған.

Өңірде алғаш рет Direct-to-Cell технологиясы қолданылуда. Ол азаматтарға Қазақстанның кез келген жерінен ұялы телефон арқылы интернетке қосылуға мүмкіндік береді.

Жыл соңына дейін Каспий теңізінің түбімен өтетін оптикалық кабельдің құрылысы аяқталады.

Бұл бағыт гиперскейлер мен ірі халықаралық технологиялық компаниялардың Қазақстанда Data-орталықтарды орналастыруы үшін маңызды талаптардың бірі.

Өткен жылы өңірдегі ең қуатты суперкомпьютерлер іске қосылды. Бүгінде олар мемлекеттік органдар, стартаптар, университеттер және корпоративтік сектор сұранысына сәйкес жұмыс істеп тұр.

Биыл біз әлемдік деңгейдегі AI-Hub қуаты кемінде 1 гигаватт болатын дата-центрлер алқабын салуды бастадық.

Жасанды интеллекттің қарқынды дамуы жағдайында әлемге жасанды интеллект есептеу токендері қажет. Бұл токендер тек ірі суперкомпьютерлік кластерлердің көмегімен ғана шығарылатын, экспортқа бағытталған жаңа цифрлық өнім.

Бүгін қарастырылып отырған заң жобасы қол жеткізген нәтижелерді бекітіп, саланың дамуына жаңа серпін береді. Заң жобасы 116 түзетуден тұрады және келесі бағыттарды қамтиды:

байланыс қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігін арттыру;

телекоммуникация инфрақұрылымын дамыту, инфрақұрылымды қорғау және байланыс желілеріндегі алаяқтықпен күресу.

Бірінші блок келесі түзетулерді қамтиды.

Әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік сервистерге трафигі есептелмейтін, яғни тарифсіз қолжетімділік енгізу. Бұл азаматтарға нөлдік баланс кезінде де негізгі мемлекеттік сервистерді пайдалануға мүмкіндік береді. Мысалы, «eGov», «e-Otinish», Aitu ұлттық мессенджері және өзге де қосымшалар.

Байланыс операторлары жұмысының ашықтығын арттыру бойынша нормалар көзделген.

Операторлар қаржылық есептілікті, сондай-ақ инфрақұрылымға қол жеткізу тарифтерін жариялайтын болады.

Байланыс сапасын жақсарту үшін ұялы байланыс сигналының күшейткіштері, яғни репитерлерді әкелуге шектеулер енгізіледі. Енді оларды тек байланыс операторлары ғана әкеле алатын болады. Бұл желіге кедергі келтіретін сертификатталмаған құралдарды шектейді. Сондай-ақ байланыс инфрақұрылымын салу үшін жер учаскелерін бөлу тәртібі жеңілдетіледі.

Егжей-тегжейлі жоспарға немесе бас жоспарға міндетті түрде енгізбей-ақ жер беру тетіктері оңтайландырылады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда байланыс желілерін салу мүмкіндігі көзделеді. Бұл шалғай, ауылдық және туристік аймақтарда интернетпен қамтуды кеңейтуге көмектеседі.

Төтенше жағдайлар кезінде жедел әрекет ету үшін «112» қызметіне адамның орналасқан жерін айқындау мүмкіндігі өтеусіз берілетін болады.

Екінші блок телеком-инфрақұрылымды дамытуға бағытталған.

Радиожилік спектрін пайдалануға берілетін рұқсатқа мерзім енгізіледі. Бұл жиіліктерді тиімді бөлуге және бос тұрып қалуын болдырмауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ интернет заттарының желілері және интернетке сымсыз тұрақты қолжетімділік сияқты жаңа технологиялар үшін құқықтық негіз қалыптасады.

Виртуалды операторлардың жұмыс шарттары мен спутниктік байланыс жүйелерін пайдалану талаптары жаңартылады. Бұл жаңа спутниктік жүйелерді кеңірек енгізуге, қолжетімділік қиын жерлерде интернетті жақсартуға және спутниктік байланыста бәсекені күшейтуге жол ашады.

Бұл түзетулерді Халықаралық электр байланысы одағының сарапшылары оң бағалап, қабылданып жатқан шаралардың бірегейлігі мен маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ халықаралық транзиттік интернет-трафиктің кедергісіз өтуі заң жүзінде бекітіледі. Бұл Қазақстанның өңірлік цифрлық хаб ретіндегі рөлін күшейтеді.

Үшінші блок телеком-инфрақұрылымды қорғауға және алаяқтықпен күреске арналған.

Data-орталықтарын стратегиялық объектілер қатарына енгізу және оларды салу немесе іске қосу кезінде хабарлау тәртібін енгізу ұсынылады. Бұл бақылауды күшейтіп, деректер қауіпсіздігін және инфрақұрылымның тұрақтылығын арттырады.

Интернет желісіне және IP-телефонияға қол жеткізу қызметтерін лицензиялау талаптары жаңартылуда.

Азаматтарды телефон алаяқтығынан қорғау үшін заңды тұлғалардан қоңыраулар таңбаланатын болады. Бұл абоненттерге ресми қоңырауларды күдіктілерден ажыратуға мүмкіндік береді.

Абоненттік нөмір мен ұялы телефондарды жақын туыстарынан басқа үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

Биометриялық аутентификация бойынша нормалар Цифрлық кодекске сәйкес келтірілуде.

Сондай-ақ байланыс құралдарын верификациялау арқылы тіркеу рәсімін жетілдіру көзделген. Бұл заңсыз әкелінген құралдарды пайдалануды азайтады, IMEI-ді ауыстыру арқылы жасалатын алаяқтық тәуекелдерін төмендетеді.

Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Жобаларды іске асыру және ұсынылып отырған нормаларды қабылдау нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, инвестициялар тартып, осы саланы дамытуға, бюджет түсімдерін ұлғайтуға, көлеңкелі нарық үлесін қысқартуға, интернетпен барлық өңірлерді қамтуға, сондай-ақ цифрлық сервистердің қауіпсіздігі мен қолжетімділігін арттыруға ықпал етеді.

Құрметті депутаттар, қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Құрметті әріптестер, енді сұрақ қою рәсіміне көшейік.

Депутат Мутәлі Әбутәліп.

МУТӘЛІ Ә. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Жаслан Хасенұлы! Заң жобасында деректерді өңдеу орталықтарының иелерінен олардың құрылысы туралы уәкілетті органды хабардар етуді талап ету ұсынылады. Сонымен қатар ол деректерді өңдеу орталықтарын стратегиялық нысандар ретінде жіктеуді ұсынады. Дегенмен деректерді өңдеу орталықтары өте кең ұғым. Мемлекет меншігіндегі деректер өңдеу орталықтарына қатысты мәселе жоқ. Жеке Data-орталықтары үшін мұндай қатаң режим түсініксіз.

Бұл сала жеке инвестицияны қажет ететінін ескерсек, мұндай реттеуші қысыммен Data-орталықтарын кім салады?

Осыған байланысты комитет отырысында депутаттар аталған орталықтардың осы екі санатын талаптар бойынша бөлуді ұсынды. Бұл ұсынысқа сіздің ұстанымыңыз қандай? Рақмет.

МӘДИЕВ Ж.Х. Сұрақ түсінікті. Рақмет.

Бұл заң жобасы Data-орталықтарды стратегиялық объектілер қатарына жатқызуға мүмкіндік береді. Осы мәселені дифференциалдық түрде қарастырамыз. Аса маңызды цифрлық объектілер мен мемлекеттік Data-орталықтарды стратегиялық объектілерге жатқызатын боламыз. Сондай-ақ осы мәселе бойынша қосымша жаңа критерийлер бекітеміз.

Data-орталықтардың реестріне келетін болсақ, жоба бастамашылары біздің министрлікті хабардар етеді. Бұл бизнес үшін қосымша жүктеме келтірмейді деп ойлаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Сәрсенғалиев Нартай Аралбайұлы.

СӨРСЕНҒАЛИЕВ Н.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Жаслан Хасенұлы! Менің сұрағымды қарапайым елдің арызы, шағымы деп білсеңіз болады. Сұрағым ұялы байланыс операторларының тарифіне қатысты.

Мұндай жіліктің майлы басы басқа ешқандай мемлекеттің ұялы байланыс операторларында жоқ шығар. Қолымда ресми мәлімет бар, оны Бәсекелестікті қорғау агенттігі берген.

2021 – 2023 жылдары Қазақстандағы ұялы байланыс операторлары 120 тарифтік жоспарды 20 пайыздан 90 пайызға дейін қымбаттатқан. 2024 жылы біздегі ұялы байланыс операторлары 140 тарифтік жоспарды 3 пайыздан 300 пайызға дейін қымбаттатқан. Ал 2025 жылы 90 тарифтік жоспарды 14 пайыздан 75 пайызға дейін қымбаттатқан. Бұл сұмдық жағдай ғой! Осыны реттеу керек деп жиналыс өткіздім, байланыс операторлары да келді, сіздің вице-министріңіз де келді. Олар Кәсіпкерлік кодекстің 116-бабына сәйкес біз оларға тиісе алмаймыз дейді.

Дәл екінші, үшінші бөлігінде мемлекет реттейтін бағалар бар. Қандай да бір жағдаяттармен байланыс операторлары оның ішіне кірмей қалған. Олар Кәсіпкерлік кодекске тиісе алмаймыз деп табандап тұрып алғаннан кейін мен аталған заң жобасына бір норма ұсындым. Ол байланыс операторлары тарифтер мен бағаларын өздері реттей алады, бірақ сол белгіленген бағасын Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісуі керек деген норма. Демек, тікелей сіздің ведомствомен келісуі керек.

Қарапайым халық бағаға шағымданады, ал министрлік біздің қатысымыз жоқ, Кәсіпкерлік кодекс бойынша өздері реттейді дейді. Кім шешетінін білмей ортада ел қалады, біз қаламыз.

Сіз тарифтік жоспарлар мен ұялы байланыс операторларының бағасын кәсіпкерлік субъектілері өздері белгілесе де ол тікелей Үкіметтің келісімімен болуы керек деген нормамен келісесіз бе? Сол жөнінде айтсаңыз. Рақмет.

МӘДИЕВ Ж.Х. Сұрағыңызға рақмет.

Операторларда әртүрлі тарифтік жоспарлар бар, оның ішінде әлеуметтік жоспарлар да бар. Соңғы екі жылдың ішінде әлеуметтік тарифтерге кейбір операторлардың бағасы өзгерген жоқ, ал стандартты тарифтердің өсуі бар. Оған объективті факторлар себеп болды.

Біріншіден, инфрақұрылымға тұрақты инвестиция салу қажеттілігі бар, яғни 3G-ден 4G-ге көшу, жаңа 5G базалық стансаларын құру, ауылдық елді мекендерге қолжетімді интернет жеткізу керек. Сондықтан инвестицияның қажеттілігі бар.

Екіншіден, соңғы екі жылдың ішінде интернет-трафикті тұтыну шамамен 70 пайызға өсті. Тарифті 1 гигабайтқа санасaq, үш жылдың ішінде кейбір операторлардың тарифтері өзгерген жоқ, кейбір тарифтер тіптен 10 – 15 пайызға арзандады. Мысалы, 2023 жылы 96 теңге болса, биыл 82 теңге.

Үшіншіден, макроэкономикалық факторлар бар, яғни инфляция, құрал-жабдықтардың қымбаттауы, тағы басқалары.

Заң жобасында әлеуметтік нормалар қарастырылған. Мысалы, нөлдік баланс жағдайында да «eGov», Aitu мессенджері сияқты қосымшаларға қолжетімділік қарастырылған.

Сонымен қатар біз сіз ұсынып отырған антимонополиялық бақылауды күшейтуді қолдаймыз. Бірақ қазіргі таңда мобильдік операторлардың бағаларын қарастыру бойынша жоспарымыз жоқ. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Сәрсенғалиев. Екінші рет.

СӘРСЕНҒАЛИЕВ Н.А. Рақмет.

Жаслан Хасенұлы, біздің елімізде 19 миллион адам мобильді интернетті қолданады. Бұл сол 19 миллион адамның хақы, құқығы, мұң-зары.

Мен оны мемлекет толықтай бақылауға алсын деп отырған жоқпын, баламалы жолын ұсынып отырмын. Яғни, ұялы байланыс операторлары бағаны, тарифті көтеруге өздері шешім қабылдасын, бірақ ол Үкіметтің рұқсатымен болсын. Халық байланыс операторлары тарифті неге өсіріп жіберді дегенде Үкімет, яғни сіздің ведомство жауап беретіндей болсын. Әйтпесе сіздер қазір оған жауап бермейсіздер, тек Кәсіпкерлік кодекске сәйкес өздері шешеді дейсіздер. Осындай жауапкершілікті алуға дайынсыздар ма?

МӘДИЕВ Ж.Х. Егер Үкімет тариф, баға мәселесін бақылайтын болса, ол реттеушілікке айналады. Біз реттеушіліктен 2017 жылы кеткенбіз. Егер реттеушілік болса, онда осы салаға инвестицияның азаю тәуекелі болады. Интернеттің, мобильдік сервистің сапасын арттыру үшін инвестиция керек. Егер мобильдік операторлар монополист болса, онда тарифтерді қарастыруға мүмкіндік болады. Бірақ қазір бәсеке, нарық. Сондықтан бізге тарифтерді реттеудің қажеті жоқ деп санаймын.

ТӨРАҒА. Депутат Казанцев Павел Олегович.

КАЗАНЦЕВ П.О. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Жаслан Хасенұлы! В проекте закона сказано, что собственники многоквартирных жилых домов обязаны обеспечить равный доступ для операторов связи. Это касается фиксированной линии – тут понятно.

Мой вопрос касается оборудования, которое располагается на крыше.

Сохранится ли за собственниками право решать, давать ли доступ операторам к общедомовому имуществу или нет? Этот вопрос поднимают сегодня многие объединения собственников имущества и КСК. Рақмет.

МӘДИЕВ Ж.Х. Спасибо за вопрос.

Сегодня данный доступ сохраняется. Допускать или не допускать – это решение остается за собственниками квартир. Также большинством голосов собственники квартир должны будут проголосовать за то или иное решение, допускать ли на крышу своего дома для установки оборудования. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Рақымжанов Асхат Нұрмағамбетұлы.

РАҚЫМЖАНОВ А.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Жаслан Хасенұлы! В рамках проекта закона обсуждается особый режим регулирования работы негеостационарных спутников связи. Я про Starlink сейчас говорю. Это иностранная система связи и управление ею от нас не зависит.

Как будут обеспечены контроль и безопасность использования таких систем на территории страны?

МӘДИЕВ Ж.Х. Спасибо. Вопрос понятен.

Необходимо отметить, что спутниковая интернет-связь является дополнительной к интернету, предоставленному через оптоволокно. Законопроектом предусматривается новый режим регулирования спутникового интернета. Предоставление услуг спутниковой связи иностранными операторами должно будет соответствовать новым нормам, которые мы внедряем в закон, то есть это наличие обязательной наземной станции приземления трафика, обязательно должна быть точка присутствия, то есть они должны будут приобретать интернет-трафик у локальных операторов.

Третье. Они должны будут зарегистрировать юридическое лицо на территории Республики Казахстан. Они должны будут соответствовать всем законодательным нормам кибербезопасности, национальной безопасности, сохранности персональных данных. Трафик должен будет проходить через центр управления сетями телекоммуникаций. Все эти требования должны быть соблюдены, в противном случае их деятельность будет приостановлена на территории страны.

Согласие международных компаний соответствовать этим нормам – это на самом деле результат продолжительных переговоров. Такая организация, как Международный союз электросвязи, отмечает, что данные нормы по регулированию негеостационарных спутников являются одними из первых в мире. Мы полагаем, что это послужит бенчмарком для других стран. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Нажметдинұлы Болатбек.

НАЖМЕТДИНҰЛЫ Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Жаслан Хасенұлы! 11 июня прошлого года мной был озвучен и направлен депутатский запрос по вопросу платной IMEI – верификации через частную структуру, о создании частной монополии.

За это время изучены ответы госорганов, документы и правовые основания. Сегодня возникает главный парадокс: если деньги должны поступать в бюджет, то нам говорят, что нужен закон, но когда деньги собирались в пользу частной структуры, оказалось, что достаточно внутреннего приказа РГП, тогда это считалось законом. То есть для государства и государственной монополии – закон, а для частника и частной монополии – приказ. Как это понимать?

Внутренний приказ хозяйствующего субъекта фактически создает обязательные расходы для граждан и бизнеса, влияет на рынок, ограничивает регистрацию устройств, формирует денежный поток. При этом сам приказ РГП не является ни законом, ни кодексом, ни даже нормативным правовым актом. При этом уже имеются позиции Генеральной прокуратуры, АЗРК, протокольное поручение Премьер-Министра о согласии

с нашей позицией, а также поручение Премьер-Министра от 6 апреля 2026 года о признании деятельности по верификации государственной монополией.

Сегодня рабочая группа уже приняла законопроект о том, чтобы это было государственной монополией.

У меня вопрос: какой правовой статус имеют денежные средства, которые собирали почти год в рамках прежней схемы на основании приказа РГП? Будет ли дана правовая оценка основанию сбора средств, роли должностных лиц, объему уже собранных денег? Возникает вопрос возврата средств государству либо гражданам.

Еще один вопрос: почему после поручения Премьер-Министра от 6 апреля 2026 года не был приостановлен дальнейший сбор денежных средств по прежней схеме? Рақмет.

МӘДИЕВ Ж.Х. Спасибо.

Мы считаем, что система верификации показала в целом свою эффективность. Есть информация, что есть рост легального импорта. Легальные продажи официальных дилеров также выросли на 30-50 процентов, сократился рынок серых мобильных устройств. По нашим оценкам, легальный рынок вырос от 30 до 60 процентов. Это первый момент.

Для граждан верификация как была, так и останется бесплатной, граждане ничего не будут платить. Здесь никакой частной монополии нет и не было задумки образовать какую-то частную монополию. Есть понятные критерии и правила. Любая компания, которая может обеспечить информационную систему, соответствующую не только местной, но и международной интеграции, может сегодня оказывать эту услугу.

В результате этой деятельности они получили двусторонние договоренности с импортерами, это не сбор с граждан. Это реформа не одного года, она будет продолжаться. За этот год нам удалось выявить слабые места, какие-то лазейки, где необходимо доработать законодательство. Поэтому мы вместе с вами идем сейчас в закон, чтобы данные регуляторные функции принадлежали государству. Законопроектом предусмотрено, что данную функцию будет осуществлять Государственная радиочастотная служба. Я считаю, что эта реформа приведет к обелению рынка, данный законопроект поможет в этом. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Смолякова Екатерина Сергеевна.

СМОЛЯКОВА Е.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Жаслан Хасенұлы! Депутаттар туристік аймақтарды байланыспен қамтамасыз ету мәселесін бірнеше рет көтерген болатын. Сіздер ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда байланыс жабдықтарын орнатуға мүмкіндік жоқ екенін айтқансыздар.

Бұл мәселе орман шаруашылықтарында, төтенше жағдайлар қаупі жоғары жерлерде және басқа да арнайы аумақтарда өзекті болды. Енді заң жобасы аясында ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда байланыс жабдықтарын орнатуға мүмкіндік беріліп отыр.

Өңгіме нақты қандай аумақтар туралы болып отыр? Сондай-ақ жабдықтарды орнату қандай талаптар мен шарттар негізінде жүзеге асырылады? Рақмет.

МӘДИЕВ Ж.Х. Рақмет.

Бүгінде қолданыстағы заңнамада ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды байланыспен қамтамасыз ету мүмкіндігі көзделмеген. Мұндай аумақтарға туристік локациялар да кіреді. Байланыс объектілерін орнату экологиялық талаптарға толық сәйкес жүргізіледі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісіледі. Осылайша бұл норма ерекше қорғалатын аумақтарды сақтауға да, адамдардың байланысқа қолжетімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге де тең бағытталған.

ТӨРАҒА. Депутат Баққожаев Анас Ахатұлы.

БАҚҚОЖАЕВ А.А. Көп рақмет.

Сұрағым Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің өкіліне.

Құрметті Жәннат Балғабайқызы! Заң жобасының салыстырма кестесінен көріп отырғанымыздай, сіздер «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңда әсіресе көппәтерлі тұрғын үйдегі ортақ меншік иелерінің жиынына жаңа құзырет беріп отырсыздар. Егер интернетке, байланысқа арналған жабдықтар орнатылатын болса, олар міндетті түрде пысықталып, ортақ шешімге 50 пайыздан көбі дауыс беріп, тиісті шешім қабылдап, рұқсат беруі керек. Бірақ сіздер «Байланыс туралы» Заңға «Байланыс операторлары көппәтерлі тұрғын үйдегі ортақ меншік объектілеріне дәл осындай жұмысты атқару үшін соны басқаратын компанияның өкілімен байланыс орнатады» деп жазғансыздар. Демек, кез келген компания жиын қолдамаса да ПИК (пәтер иелерінің кооперативі) немесе МИБ (мүлік иелерінің бірлестіктері) өкілімен келісіп, сол жабдықтарды орната береді деген сөз. Бұл екі норма бір-біріне қайшы. Осыны сіз қалай бағалайсыз? Рақмет.

ТӨРАҒА. Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Жәннат Балғабайқызы Дүбірова.

ДҮБІРОВА Ж.Б. Сұрағыңызға рақмет. Рұқсат болса орыс тілінде жауап берейін.

Что касается выхода в случае отказа ОСИ от установки или несогласия жильцов (50 на 50), то в данном случае все остается, как прежде, ОСИ принимают решения, как и по любому другому оборудованию, независимо от того, телекоммуникационное это оборудование или какое-то другое. В принципе, изменений с этой стороны нет.

ТӨРАҒА. Депутат Баққожаев. Екінші рет.

БАҚҚОЖАЕВ А.А. Я не совсем понял Ваш ответ.

В обоснование поправки вы приводите пример Российской Федерации, где говорите, что в Казахстане так же, как и в России, очень сложно обеспечить собрание жильцов, поэтому лучше внести эту поправку, чтобы любая компания могла договориться с представителем КСК или ОСИ. Сейчас Вы говорите, что решение остается за собранием жильцов, но в обоснование приводите другие моменты. Я вот этого не понял.

ТӨРАҒА. Жәннат Балғабайқызының микрофонын қосыңыздар.

ДУЫРОВА Ж.Б. Ситуация по установке телекоммуникационного оборудования остается такой же, как и по любому другому виду оборудования. Решение остается за собственниками жилья.

ТӨРАҒА. Депутат Аймағамбетов Асхат Қанатұлы.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Заң жобасын қолдаймын. Жақсы нормалар көп екен. Дегенмен екі сұрағым бар.

Бірінші. Заң жобасында автодозвон сияқты қоңырау шалуға тыйым салатын жаңа норманы енгізуді ұсынып едік. Негізі бұл мәселе комитетте де көтерілді. Бүгінде автодозвон арқылы азаматтарды мазалау үлкен проблемаға айналды, оны жақсы білеміз.

Автодозвонға тыйым салу бойынша норманы неге министрлік қолдамады? Бұйрық деңгейінде шешеміз деп еді, бірақ бірнеше ай өтті, бұйрық деңгейінде де бұл мәселе әлі шешімін таппады.

Операторлар мұндай трафикті бұғаттау үшін қандай техникалық міндеттемелер алады? Және алаяқтардың шетелдік нөмірлері арқылы жасайтын шабуылдарына тосқауыл қоятын қандай шешімдер бар?

Екінші. Мобильді операторлардың бәсекелестігін арттыру және тарифтерді түсіру қажет. Негізі ол дұрыс. Бұл мақсатта, мысалы, Еуропа мен АҚШ тәжірибесін ескере отырып, әр операторға жаңа кабель тартқызудың орнына инфрақұрылымды ортақ пайдалану принципін енгізу туралы нормаға қалай қарайсыз? Әр оператордың жеке кабель тартуының орнына бар каналдарды бөлісуді міндеттеу тиімдірек болмас па еді? Мысалы, АҚШ-та, Еуропада дәл осылай істейді.

Сұрақ министр мырзаға.

МӘДИЕВ Ж.Х. Сұрақтарыңызға рақмет.

Автодозвон бойынша ұсынысты қарастыратын боламыз, егжей-тегжейлі талқылаймыз.

Мобильді операторлардың бәсекелестігі жөнінде. Бізде қазір үш мобильді оператор бар, талшықты-оптикалық бірнеше оператор бар. Жалпы, нарық шешетін болады.

Если будет позволять норма доходности, которая есть сегодня на рынке. Мы видим, в принципе, по отчетности мобильных операторов, что она не достигает каких-то баснословных пределов. В принципе, если рынок будет привлекательным для входа дополнительных операторов, я думаю, что конкуренция, в принципе, будет способствовать появлению новых игроков на рынке.

ТӨРАҒА. Депутат Тау Нұргүл.

ТАУ Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрақтарым баяндамашыға.

Қазіргі таңда азаматтарға әртүрлі нөмірлерден жаңа тарифтер, қызметтер немесе акциялар туралы телефон қоңырауы тұрақты болуда. Алайда бұл телефон қоңырауы ресми операторлар немесе алаяқтық схема екенін түсіну өте қиын. Осыған орай сұрақтарым бар.

Бірінші. Заң жобасында ұялы байланыс операторы мен «Қазақтелекомның» бірыңғай абоненттерін ақпараттандыру қызметтері қалай реттеледі?

Екінші. Байланыс операторларының азаматтармен байланыс жасауы үшін ресми сайттарында жарияланған бірыңғай ресми нөмірді немесе тіркелген нөмірлердің шектеулі тізімін пайдалануға міндеттейтін нормалар көзделген бе? Рақмет.

МӘДИЕВ Ж.Х. Заң жобасында маркировка енгізу қарастырылған. Заңды тұлғалардың реестрі болады, олар мобильдік операторларда верификация жасайды. Сонда азаматтар телефон қоңырауы қандай мобильдік оператор арқылы болғанын көреді.

ТӨРАҒА. Депутат Башимов Марат Советұлы.

БАШИМОВ М.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Жаслан Хасенұлы! У меня к Вам простой вопрос.

Все знают, что массово нарушаются конституционные права граждан в этой сфере, права потребителей. Вот я живу через дорогу, в праздничные дни не работает домашний интернет, все пишут об этом. Вы здесь нам сказки рассказываете. Я пост выложил, там многочисленные комментарии, что не работает домашний интернет. Тіпті сіз Нартай Сәрсенғалиевтің айтқанын қолдамай отырсыз. Из-за этого я взял слово. У вас слова расходятся с делами. Громадное бюджетное финансирование, а Вы говорите: права потребителей меня не волнуют, меня волнуют права конкурентов, которые сюда придут. Народ не интересуется те, кто входит в ваш рынок, их интересует интернет, потому что они платят за эту услугу. Я плачу 15 тысяч, я хочу получить нормальный интернет. Нет у меня интернета. Сіз қазір тұтынушыларды қорғауға көңіл бөлмей отырсыз. И ваши заместители везде так же выступают.

Почему вы, министерство, не защищаете права потребителей?

Соған жауап беріңізші. Сіз бір сұраққа жауап берген жоқсыз. Барлықтарыңыз жұмыс істеп жатырмыз дейсіздер. Олай емес.

Закон я поддерживаю. Керек. В данном случае, воспользовавшись моментом, хочу обратить внимание на этот вопрос.

МӘДИЕВ Ж.Х. Спасибо.

Ваш конкретный случай мы готовы рассмотреть.

В целом мы считаем, что это базовые условия для граждан, которые должны быть доведены до каждого. Если есть проблемы с интернетом, всегда есть возможность обратиться через «eOtinish», и наш госорган берет на контроль.

По Вашему случаю у меня не было никакой информации, сегодня я ее получил. Мы обязательно рассмотрим и поможем. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Сейтжан Кенжеғұл Социалұлы.

СЕЙТЖАН К.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Жаслан Хасенұлы! У меня вопрос к Вам.

От имени фракции мы направляли несколько депутатских запросов. Я как Уполномоченный по социальным вопросам при Президенте тоже Вам несколько запросов отправлял, но конкретных ответов не получил.

В рамках этого законодательства вы вносите поправку по поддержке социально уязвимых слоев населения, это очень хорошо. Но, поддерживая с одной стороны, получается дискриминация: даете доступный интернет, а сами платформы недоступны.

Как эти вопросы будут решаться вашим министерством? Кто будет за это нести ответственность? Спасибо.

МӘДИЕВ Ж.Х. Как я отметил, даже при нулевом балансе будет обеспечен доступ к таким платформам, как «eGov», «eOtinish» и другие.

При разработке информационных систем мы обязательно принимаем во внимание функционал для людей с особыми потребностями. Запросы вашей фракции мы обязательно рассмотрим и учтем при разработке наших продуктов, приложений. Мы эти вопросы не откладываем, будем принимать их во внимание.

ТӨРАҒА. Депутат Ескендіров Мұқаш Зұлқарнайұлы.

ЕСКЕНДІРОВ М.З. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрақтарым Жаслан Хасенұлына.

Сіз өз баяндамаңызда саланы дамытуға үш жылда көп қаржы бөлінгенін, инвестиция салынғанын және алдағы екі жылда да қыруар қаржы құйылатынын айттыңыз. Цифрлар өте әсерлі және қуантады. Алайда қарапайым халық тарапынан базалық және әділетті бір сұрақ туындайды. Олар біз сапалы интернет үшін операторларға толық ақы төлейміз, бірақ тіпті қала орталықтарындағы жаңа тұрғын үй кешендерінде неге байланыс мүлдем жоқ дегенді айтады. 5G орнатса да тіпті Астананың өзінде қарапайым 4G желісі жоқ «өлі аймақтар» аз емес.

Осыған орай сұрақтарым бар.

Бірінші. Қала ішіндегі осындай сапасыз байланыс үшін нақты кім жауапты? Операторлар ма, әлде қадағалауды қамтамасыз етпеген сіздің министрлік пе?

Екінші. Осы заң жобасында операторлардың қаржылық есептілігін ашық жариялау мен жер телімдерін бөлуді жеңілдету нормалары қала ішіндегі байланыс сапасын нақты қашан жақсартады? Рақмет.

МӘДИЕВ Ж.Х. Сұрақтарыңызға рақмет.

Интернеттің сапасын жақсарту біздің тұрақты жұмысымыз. Мобильдік және телеком операторлары әрқашан инвестициясын салып, жаңа мобильдік 5G станциясын құрып, 3G станцияларына модернизациялау жұмыстарын жүргізеді.

Қала өскен сайын интернет сапасы төмен аймақтар пайда болады. Осы аймақтарды «GRS» компаниясы тексереді және мобильдік операторларға ұйғарымдарын жібереді. Ал олар сапасын жақсартпаса, онда оларға айыппұл салынады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Зайыт Ринат Рифхатұлы.

ЗАЙЫТ Р.Р. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Баяндамашыға екі сұрағым бар.

Бірінші. Starlink бойынша. Жаңа сіз келешекте олармен келісімге отырамыз дедіңіз. Ондай ойдың сіздерге кеш келгеніне оны осыған дейін алып қойғандар кінәлі емес қой. Енді олардың жағдайы не болады? Менің білуімше, ондай құрылғы қазір көп адамдарда бар. Олар ертең не істейді? Сіздер оның орнын толтыру үшін ақшасын қайтарып бересіздер ме, бұғаттайсыздар ма, жоқ, олар әрі қарай жұмыс істей бере ме?

Екінші. Әріптесімнің қойған сұрағына берген жауаптарыңыздан мен интернет сапасына, интернет бағасына сіздер жауап бере алмайтындарыңызды түсіндім. Тіпті мәжбүрлі жарнаманың өзіне де жауап бере алмайсыздар. Мысалы, біз трафикке төлейміз, бірақ YouTube болсын, басқасы болсын біз қаламаған жарнаманы телефонымызға жібереді. Автодозвон туралы да айтылды. Одан да қорғай алмайды екенсіздер. Айтыңызшы, сонда тұтынушылардың құқығын кім қорғайды? Сіздің мазаңызды алмайық, сол адамға барып шағымданаық.

МӘДИЕВ Ж.Х. Сұрақтарыңызға рақмет.

Бірінші. Starlink терминалдарын сатып алғандар оны енді қайта тіркеп, заңды түрде қолдануларына болады.

Екінші. Біз интернет сапасы бойынша жұмыс істейміз. Интернеттің сапасы төмен болған жағдайда азаматтар «eOtinish»-ке жазады, біз оны тексереміз. Біздің мемлекеттік орган азаматтардың құқықтарын қорғауға дайын. Бұл жұмысты жалғастырамыз.

ТӨРАҒА. Егер монополист болса, сіздер реттейсіздер. Солай ғой?

МӘДИЕВ Ж.Х. Иә, реттейміз.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, сонымен сұрақтарымыз аяқталды. Өте өзекті мәселе, сондықтан сұрақтар да көп болды. Оларға сауатты жауап та алдық деп ойлаймын.

Жаслан Хасенұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі депутат Қожасбаев Руслан Сәдуақасұлына беріледі.

ҚОЖАСБАЕВ Р.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Аталған заң жобасы байланыс инфрақұрылымын дамытуды одан әрі жетілдіруге, перспективалы телекоммуникациялық технологияларды тарту үшін қолайлы жағдай жасауға, халық үшін байланыс қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Сондай-ақ заң жобасында:

ауылдық және жетуі қиын аймақтардағы халықты жоғары жылдамдықпен қолжетімділік интернетке және сапалы ұялы байланыспен қамтамасыз ету;

телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, телефондық алаяқтықты анықтау және жою бойынша ақпараттық-талдамалық жұмысты күшейту;

деректерді өңдеу орталықтарының инфрақұрылымын дамытуды ынталандыру;

телекоммуникация саласында жаңа технологияларды дамыту;
туристік инфрақұрылымдық байланысты жақсарту, республикалық және облыстық маңызы бар автомобиль жолдарындағы коммуникациялардың қауіпсіздігі мен қолжетімділігін арттыру көрсетілген.

Бұған қоса заң жобасымен:

байланыс қондырғыларын орнату процесінде мемлекеттің елді мекендерінде «ақ дақтарды» анықтауды;

операторлардың байланыс желілері мен қондырғыларын салуы үшін жергілікті атқарушы органдардың электр қуатымен қамтамасыз етілген орынды белгілеу жөніндегі құзыретін кеңейтуді;

экономиканың барлық саласында пайдаланылатын Заттар интернеті желілерін заңнамалық тұрғыдан регламенттеуді көздейтін түзетулер ұсынылып отыр.

В ходе рассмотрения законопроекта депутатами внесены поправки в части:

обеспечения круглосуточного и нетарифицируемого предоставления доступа каждому пользователю к мобильным приложениям, имеющим социальное и государственное значение (Aitu, «eGov», «eGov Business», «eOtinish» и другие);

упрощения процедуры согласования выделения земельных участков при строительстве сооружений связи;

совершенствования процедуры регистрации путем введения верификации абонентских устройств сотовой связи, а также передачи данной функции в государственную монополию. Данная поправка позволит получить потребителям гарантию ценности и качества приобретаемого устройства, общественную и личную безопасность, бизнесу – условия для честной конкуренции и прозрачное ценообразование, а государству – усиление таможенного контроля и сокращение краж мобильных телефонов.

Жалпы, Премьер-Министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі заң жобасында ұсынылатын негізгі аспектілерді атап өткен болатын.

Заң жобасын қарау барысында депутаттар 140-тан астам ұсыныстар енгізді.

Парламент Мәжілісінің комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді. Келіп түскен ұсыныстар жұмыс тобының отырыстарында, комитеттің кеңейтілген отырысында талқыланды.

Жұмыс тобы заң жобасын екінші оқылымға дайындау аясында жұмысын жалғастырады.

Осыған орай, құрметті әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда қолдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Руслан Сәдуақасұлы, рақмет.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Смышляева Екатерина Васильевнаға беріледі.

СМЫШЛЯЕВА Е.В. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Мен осы заң жобасын қолдаймын және сіздерді де оны қолдауға шақырамын.

Бұл заң жобасы азаматтардың күнделікті өміріне тікелей әсер етеді.

Бүгінде Мемлекет басшысы жасанды интеллектті дамыту, цифрлық экономиканы күшейту және барлық саланы одан әрі цифрландыру міндетін қойып отыр.

Кеше ғана жасанды интеллектті орта білім беру жүйесіне енгізу туралы Президент Жарлығы шықты. Сол құжаттағы маңызды бағыттардың бірі – цифрлық инфрақұрылым.

Мемлекет пен бизнесте цифрлық сервистер көбейген сайын, есептеу процестері күрделене түскен сайын инфрақұрылымға қойылатын талаптар да арта береді.

Бүгінде телекоммуникация мен деректерді өңдеу орталықтары адамның мемлекеттік қызметтерге, интернетке, білімге, банк қызметтеріне, медицинаға және жалпы сапалы өмірге қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Данный законопроект является продолжением системной работы Парламента по совершенствованию законодательства в сфере связи и цифровой инфраструктуры. Большая часть предлагаемых в проекте является частью программы партии «АМАНАТ».

Законопроект отвечает на конкретные вопросы общества.

Например, одной из проблем, с которой сталкивались люди, были вопросы регистрации IMEI-кодов мобильных устройств и абонентских номеров. Для многих граждан этот механизм в исполнении частного оператора был непрозрачным и сложным. Данным законопроектом эта услуга переходит под стопроцентный контроль государства. Функции по администрированию системы закрепляются за Государственной радиочастотной службой.

Еще один важный блок касается качества связи и правильного планирования городской инфраструктуры. Законопроект снижает бюрократические барьеры при строительстве объектов связи и упрощает процедуру выделения земельных участков под соответствующую инфраструктуру.

Кроме того, проект закона решает проблему так называемых белых пятен в городах, когда человек покупает квартиру в новом ЖК высокого класса и оказывается без связи.

Дело в том, что при плотной точечной застройке в проектах детальной планировки просто не предусматривались объекты связи. Теперь инфраструктура связи должна учитываться уже на этапе планирования городской среды. Это более современный и системный подход к развитию городов. Он позволит сократить необходимость размещения оборудования на крышах жилых домов, что всегда вызывало конфликты с жителями.

В данном проекте закона даже обсуждались предложения по упрощению процедуры получения разрешения для размещения антенн на крышах многоквартирных жилых домов. Этот вопрос был очень остро воспринят жителями многоэтажек, представителями ОСИ и КСК. В рамках партийного проекта «Тұрғындар аманаты» мы получили большое количество обращений. Люди опасались, что решения могут приниматься без учета мнения собственников жилья.

По результатам обсуждения соответствующие нормы депутатами были исключены. Позиция здесь принципиальная: крыша многоквартирного жилого дома является частью кондоминиума, то есть общим имуществом собственников квартир, а значит, распоряжение этим имуществом возможно только с согласия большинства жителей в порядке, установленном жилищным законодательством. Соответственно, действующий механизм получения согласия жильцов сохраняется.

Отдельно хотелось бы отметить одну из социальных новелл проекта закона. Операторы связи будут обязаны обеспечивать бесплатный и безлимитный доступ к государственным цифровым сервисам. Это означает, что даже при нулевом балансе гражданин сможет воспользоваться государственными цифровыми услугами. И это справедливо. Человек не должен терять цифровой контакт с государством только потому, что у него временно отсутствуют средства на мобильном счете. Тем более, что ряд услуг и процедур уже переводится в безальтернативный цифровой формат.

Отдельное внимание в законопроекте уделено вопросам безопасности данных граждан. Сегодня в центрах обработки данных хранятся огромные массивы персональных данных, государственных информационных ресурсов и критически важной цифровой информации, поэтому безопасность таких объектов – это вопрос национальной безопасности.

В этой связи законопроектом предусмотрено, что центры обработки данных, содержащие значительные объемы критически важной информации, будут относиться к стратегическим объектам. Это означает особый правовой режим защиты, специальные требования к безопасности и дополнительные механизмы устойчивости в чрезвычайных ситуациях.

Кроме того, вводится уведомительный порядок создания центров обработки данных. При создании такого объекта владельцы будут уведомлять уполномоченный орган.

Важным шагом в борьбе с телефонным мошенничеством, подменой номеров и другими противоправными схемами, которые сегодня зачастую реализуются через IP-сервисы, является введение лицензирования IP-телефонии.

Уважаемые коллеги, это только часть новелл проекта, которые достойны внимания и поддержки.

Сети телекоммуникаций сегодня – это сосуды цифрового государства и цифровой экономики. Связь стала такой же базовой потребностью, как вода, тепло и электроэнергия. Качественная инфраструктура связи – это условие развития всех отраслей экономики.

Прошу поддержать данный законопроект.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Жаңбыршин Еділ Терекбайұлына беріледі.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Бұл заң жобасы еліміздің цифрлық болашағы мен миллиондаған отандастарымыздың қалтасына тікелей әсер ететін өте маңызды құжат.

Жалпы, заңда халық үшін, мемлекет үшін жақсы нормалар бар. Қолдау керек деп есептеймін. Дегенмен талқылау барысында біз концептуалды қайшылықты көріп отырмыз. Бір жағынан құрметті министр мырза өте дұрыс экономикалық тезисті алға тартты. Яғни, байланыс тарифтерін мемлекет тарапынан күштеп реттеуге болмайды, баға нарықтық бәсеке негізінде қалыптасуы керек, әйтпесе операторлар инфрақұрылымға инвестиция құюды тоқтатады дейтін уәждер айтты. Бұл классикалық экономика заңы. Біз оны түсінеміз және жоққа шығармаймыз. Бірақ менің әріптесім депутат Нартай Сәрсенғалиев айтып отырған уәждердің де жаны бар.

Әріптестерім халықтың мұңын айтып, мемлекеттік реттеуді талап етуде. Неге? Өйткені соңғы бір-екі жылдың өзінде ұялы байланыс қызметтері 50 пайызға қымбаттап кетті. Жақында ғана ірі операторлар тарифтерді тағы 15 – 20 пайызға өсіретінін ашық мәлімдеді. Бұл миллиондаған қарапайым отбасының бюджетіне үлкен салмақ болады.

Құрметті әріптестер, осы тұста біз басты сұраққа жауап беруіміз керек. Министр айтқандай бізде екі нарықпен бәсеке бар ма? Экономикалық теория нарықта нағыз бәсеке болғанда ғана жұмыс істейді, оны жақсы білеміз. Ал біздің байланыс саламызда ойыншылар өте аз, бәсеке шектеулі, сәйкесінше тұтынушының таңдау мүмкіндігі де шектеулі. Нарықта нағыз бәсеке болмаса, еркін баға белгілеу жүйесі азғантай оператордың халықты шексіз қанау құралына айналып кетеді. Әріптестерімнің алаңдаушылығының төркіні осында. Сондықтан біз бұл заңда екі оттың ортасында қалмауымыз керек. Бізге әміршілдік жолмен бағаны шектеп, саланың дамуын тұралатудың да қажеті жоқ. Бірақ ұялы байланыс операторларының өз білгенін істеуіне де жол бере алмаймыз. Осыған байланысты қаралып отырған заң жобасы аясында келесі мәселелер қаралуы керек.

Бірінші. Әкімшілік реттеудің орнына қатаң антимонополиялық бақылау қажет. Егер мемлекет бағаны тікелей бекітпесе, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі операторлардың бағаны негізсіз өсуін немесе картельдік сөз байласу белгілерін күнделікті тексеруі тиіс. Тариф өсті ме, оның әрбір тиынының негіздемесі халыққа ашық көрсетілсін. Осындай норма керек.

Екінші. Нарықты шын мәнінде демонополизациялау керек. Министрлікке заң жүзінде нарыққа жаңа тәуелсіз байланыс операторларын тарту міндетін жүктеуіміз керек. Иә, жақында Қатар компаниясына Tele2-ні берді. Бізге сондай бағытта бәсекеге қабілетті, бағаны тұрақтандыратын жаңа ойыншыларды нарыққа тарту керек. Министрліктің шаруасы осылай болу керек. Мен ештеңе білмеймін, мен ештеңе істемеймін, мен ештеңені бақыламаймын деп түйеқұс сияқты басын құмға тығып отыруды қою керек.

Үшінші. Шығындардың ашықтығы. Заң жобасында байланыс операторларының егжей-тегжейлі қаржылық есептілігін жариялау талабын енгізу қажет. Қолданыстағы заң бойынша операторлар бер жағы жалпылама қаржылық есеп береді, оның ішінде ештеңені көру мүмкін емес. Бұл халық үшін жеткіліксіз. Операторлар тарифті қымбаттатқанда инфрақұрылымға шығын кетті деп ақталады, бірақ оның нақты құрылымы «коммерциялық құпия» деген желеумен жабық қалады. Мысалы, табиғи монополия салаларында жарық, су, жылу тарифін өсіру үшін әр тиынына есеп беретін ашық инвестициялық бағдарламалар бекітіледі, оны халыққа жариялайды, қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Неге бұл тәжірибе байланыс операторларына қолданылмайды? Тұтынушылардың құқығын қорғау үшін заң жобасына байланыс операторларын тарифті белгілеудегі нақты инвестициялық шығындарын қоғам мен мемлекет алдында егжей-тегжейлі қорғау міндетін енгізу қажет.

Төртінші. Сапа үшін жауапкершілік. Егер нарық бағасын төлеп отырсақ, сапа да соған сай болуы керек. Байланыс пен интернет сапасының төмендігі үшін операторларға салынатын айыппұлдарды еселеп өсіруді заңмен шегелеп тастауымыз қажет. Бұл заң жобасы тек бизнес мүддесін немесе тек мемлекеттің бақылауын ғана көздейтін құжат болмауы тиіс. Бұл заң ең алдымен қатардағы тұтынушының, яғни Қазақстан азаматының құқығын қорғайтын құралға айналуы қажет.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Сабильянов Нұртай Салихұлына беріледі.

САБИЛЬЯНОВ Н.С. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Бұл заң жобасы өте маңызды. Өйткені өңірлерде халықтың ең көп көтеретін мәселесі – ауылдық елді мекендерді жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету. Оған бұл заң мүмкіндік береді. Осы заң арқылы 2026 жылы 3 008 ауылдық елді мекенге талшықты-оптикалық байланыс желісі мен жоғары интернет жеткізілу қарастырылып отыр.

Сонымен қатар 1 123 ауылдағы талшықты-оптикалық байланыс желісі бар үйлер, үй шаруашылықтары толық жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етіледі. Яғни, әр ауылдың әр үйіне, үй шаруашылығына интернет жеткізіледі деген сөз. Егер екі жылда осы жұмыстар атқарылатын болса, бұл халыққа үлкен қолдау болады. Әсіресе қазір шалғайдағы ауылдарда интернет жоқ. Кездесулерге барған сайын халық осы мәселелерді көтереді.

Интернет болмаса, онда цифрлық даму жоқ. Сондықтан Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің жүргізіп отырған жүйелі жұмысын қолдап, осы заңды қабылдауды ұсынамын.

Екінші. Азаматтарды телефон алаяқтарынан қорғау мақсатында заңды тұлғалардан түсетін қоңырауларды таңбалау, яғни оларға маркировка жасау ұсынылып отыр. Осыған байланысты менің ұсынысым бар. Бұл мәселе жұмыс тобында да, комитетте де жан-жақты талқыланды. Бұл абоненттерге ресми қоңырауларды күмәнді қоңыраулардан ажыратуға мүмкіндік береді.

Кезінде заңды тұлғалар алған телефондар бар, соны алаяқтар қазір көп қолдануда. Жаңа министр де айтып кетті, оған реестр жүргізілу керек. Сонымен қатар заң арқылы біз барлық заңды тұлғалардың телефондарына маркировка жасауымыз керек. Алты ай уақыт берейік. Қазір заңды тұлғаларға берілетін телефондарға маркировка міндетті түрде жасалады, біз енді қолданыстағы телефондарды маркировка жасауды міндеттеуіміз керек. Сонда біз алаяқтықты алдын аламыз. Осы бағытта жұмыстарды бірігіп жүргізейік.

Жалпы, бұл халыққа, елді мекендерге қажет заң жобасы. Сондықтан осы заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Сейтжан Кенжеғұл Социалұлына беріледі.

СЕЙТЖАН К.С. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Да, сегодня вице-Премьер и Министр искусственного интеллекта и цифрового развития сказали, но вопрос остается без ответа.

Мы говорим о том, чтобы для людей с инвалидностью, для социально уязвимых слоев населения не было барьеров.

О чем мы говорим? Да, была создана платформа Aitu, но для людей с инвалидностью и других социально уязвимых слоев населения она недоступна, идет разрыв. Да, интернет сегодня доступен, IT-компании сделали скидки, ввели социальные тарифы, но три раза в год поднимаются тарифы. Конечно, это очень высокая цена, когда каждый раз поднимается от 50 до 70 процентов.

Министр говорит, что будут создавать условия. Хотелось бы, чтобы вы не оставляли без внимания таких людей, чтобы не было цифровой дискриминации: создаем – но нет доступа, оказываются услуги – но цены на них повышаются. Этого не должно быть. Спасибо.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Адамбеков Тілектес Серікбайұлына беріледі.

АДАМБЕКОВ Т.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер, мен заң жобасы бойынша жұмыс тобының мүшесімін. Жұмыс тобында шешімін таппаған біраз мәселелерді әріптестерім көтерді. Біздің түзетулерімізге, өкінішке қарай, әлі дауыс берілген жоқ. Осы заң бойынша әріптестерім көтерген өте күрделі бір мәселе бар.

Как вы знаете, депутатами не первый раз поднимается вопрос развития интернета в Казахстане. Данный вопрос находится на контроле депутатов с 2021 года. В ходе встреч с населением в регионах избиратели высказывают недовольство в отношении качества услуг связи, в частности, развития интернета, а также несоразмерного роста тарифов.

Если вспомнить предысторию вопроса, то следует отметить, что с 2017 года в Казахстане было отменено государственное регулирование тарифов на услуги связи, то есть операторы связи вправе самостоятельно устанавливать цены на тарифы.

К сожалению, по итогам февраля 2026 года Казахстан показал медианную скорость фиксированного интернета 88,1 мегабит в секунду – ниже среднемирового уровня. За один год позиция в мировом рейтинге ухудшилась, с 84 места опустилась до 86 места, Казахстан расположился между Косово и Брунеем.

Кроме того, государство создает достаточные меры для поддержки операторов связи. Например, Налоговым кодексом Республики Казахстан предусмотрена льгота для операторов связи в виде уменьшения платы за использование радиочастотного спектра на 90 процентов. Это до 2031 года. Благодаря данной налоговой льготе, до 2031 года операторы связи смогут сэкономить порядка 175 миллиардов тенге. Хочу напомнить, что эти сэкономленные средства они должны направить на развитие инфраструктуры или интернета.

Несмотря на всестороннюю поддержку со стороны государства, операторы связи системно повышают цены на тарифы. Например, в ТОО «Кар-Тел», Veeline такой тариф, как «Все», с 2017 года по 2026 год вырос на 310 процентов, было 1 290 тенге, а сейчас стоит 5 290 тенге.

Или, как только что обозначил мой коллега, тариф «Социальный» с 2017 по 2026 год вырос на 458 процентов – с 500 тенге в 2017 году до 2 790 тенге в настоящее время.

У других операторов связи с 2017 года тоже очень резко выросли цены на услуги связи, а качество интернета, к сожалению, остается тем же.

Хотел бы обратить внимание коллег, что нами были даны поправки, чтобы повышение цен на услуги операторов связи проходило через согласование и под четким контролем АЗРК. Почему другие виды тарифов АЗРК регулирует, а услуги связи не регулирует? Качество связи, к сожалению, остается тем же.

Только что коллеги озвучивали, из 3 тысяч аулов, по которым мы поднимаем вопросы с 2021 года, еще даже 500 не оснащены интернетом. Это плачевная ситуация. Вы посмотрите, какие-то тарифы до 500 процентов выросли с 2017 года.

Нами была подана поправка о том, чтобы повышение тарифов операторами связи проходило через согласование с АЗРК. Хотел бы попросить коллег поддержать эту поправку, чтобы этот вопрос нашел свое решение до второго чтения, чтобы были какие-то хорошие послабления для избирателей в этой сфере. Большое спасибо.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Әбенев Мұрат Абдуламитұлына беріледі.

ӘБЕНОВ М.А. Құрметті әріптестер, заң жобасына сын айтылып жатыр, дегенмен мен заң жобасын қолдаймын.

Өздеріңіз білесіздер, бір жарым жыл бұрын осы мәселеге қатысты біраз ұсыныстар болды, сын айтылды. Енді заң жобасы дайындалды. Қазір кезде 2 миллионға жуық адамның интернетті тұрақты пайдалануына мүмкіндік жоқ. Бұл заң соны шешуге бағытталған. Және бұл ауылдық жерлерге қажет.

Әрине, ол оңай емес, арзан емес. Негізі жергілікті мемлекеттік органдар бұрын жауапсыз болатын, енді оларға нақты тапсырмалар жүктелуде, яғни инфрақұрылым жасауы керек. Министрлік өз тарапынан жүйелі жұмыс жасайды.

Бәсекелестік жөнінде. Егер таза нарық талабымен кететін болсақ, онда ауылдық жерге ешкім инвестиция апармайды. Бұл мемлекеттік әкімшілік ресурстармен қоса жаңа технологияны жақын арада шешуге бағытталған. Өздеріңіз білесіздер, бұл сайлаушылардың біздің алдымызға қойған басты талабы.

Негізі біз цифрландыруға ертерек көштік. Халықтың көбі ауылда тұрады, барлығы «электронды үкіметке» интернет арқылы кіруі керек. Ал халықтың 2 миллионға жуығында интернет жоқ. Енді басты мақсат – осы мәселелерді шешу.

Алаяқтықты айттық. Бұл мәселені мемлекет өз монополиясына алып толық бақылау жасамақшы. Ол да нарықтық шешім емес сияқты, бірақ солай жасамасақ болмайды. Әрине, нарықты да айтуға болады, тарифті де айтуға болады, бірақ бұл бір ортақ компромистік шешім деп ойлаймын. Енді интернетті ауылдарға жеткізгеннен кейін әрі қарай нарыққа толық көшеміз деп ойлаймын.

Жалпы, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Шынында да мәселе өте өзекті. Әрбір қазақстандыққа, әрбір тұрғынға бұл мәселе қатысты болғаннан кейін қызу талқылау болды, сын да айтылды.

Мен әріптестерім Сабильяновтың, Әбеневтің айтқан сөздеріне толық қосыламын, негізі министрліктің, Үкіметтің жүйелі қадам жасап жатқанын мойындауымыз керек. Осы заң жобасымен біз көп мәселелерді шешеміз, әсіресе алаяқтықты бұғаттауға. Соған тосқауыл қою үшін заң жобасында маркировка, басқа да шаралар қарастырылған. Процестерді жеңілдету де қаралған. Бұны біз мұқият қарадық.

Енді түйекүс сияқты деп айтуға да болмас. Кезінде сол заңдарды депутаттар қабылдаған, сонымен министрліктің аяқ-қолын байлап қойдық. Депутат Тілектес Адамбеков өте дұрыс ұсыныстар берді. Ол мәселелерді екінші оқылымға дейін қарауымыз керек. Үкіметке, тиісті құзыретті органдарға тарифтерді бақылау бойынша, басқа да мәселелерді шешу бойынша қандай мүмкіндіктер беретініміз ол депутаттарға да, Парламентке де байланысты. Екі жақтың да балансын, тепе-теңдігін сақтап, екінші оқылымға дейін ол мәселелер бойынша шешім қабылдайық. Бұл өте маңызды жоба. Әрине, сынай беруге болады, бірақ нақты шешімдер керек. Сөйлей бергеннен іс бітпейді.

Құрметті әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Осы ұсынысқа дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 90, «жақтағандар» – 86, «қарсылар» – 2, «қалыс қалғандар» – 2. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Келесі үш заң жобасы бір-бірімен байланысты, сондықтан ортақ баяндама жасауды ұсынамын.

«Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының жобалары жөнінде (бірінші оқылым).

Баяндама жасау үшін сөз Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің төрағасы депутат Жаңбыршин Еділ Терекбайұлына беріледі.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Қадірлі әріптестер! Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған «Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы және оған ілеспе заңдар жобаларында радиоактивті қалдықтарды мемлекеттік реттеудің тұтас жүйесін қалыптастыруға және халық пен қоршаған ортаны радиациялық әсерден ұзақ мерзімді қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұл заңдар жобасын әзірлеуге бірнеше жүйелі мәселелер негіз болды.

Біріншіден, Қазақстанда радиоактивті қалдықтар көлемі жылдан-жылға артып келеді. Бүгінде иондаушы сәулелену көздері атом энергетикасында, медицинада, ғылымда, мұнай-газ және тау-кен өндірістерінде кеңінен қолданылады. Соның нәтижесінде радиоактивті қалдықтардың әртүрлі түрлері қалыптасуда.

Екіншіден, елімізде «тарихи жинақталған» радиоактивті қалдықтар мен ядролық мұра объектілері мәселесі толық шешілген жоқ. Кеңес кезеңінен қалған кейбір объектілерде қорғаныш жабындарының бұзылуы, эрозия, инженерлік инфрақұрылымның тозуы және бақылаудың жеткіліксіздігі анықталған.

Үшіншіден, Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің 2014 – 2015 жылдардағы сарапшылық миссиялары Қазақстандағы бірқатар объектілер бойынша ұзақ мерзімді мониторинг пен мемлекеттік бақылауды күшейту қажеттігін көрсетті.

Халықаралық сарапшылар радиоактивті қалдықтарға қатысты қауіпсіздік жүйесін жүйелі түрде қайта құру қажет екенін атап өтті.

Төртіншіден, радиоактивті қалдықтарға байланысты бірқатар объектілер бойынша нақты жауапты ұйымдар мен теңгерім ұстаушылар толық анықталмаған. Кей объектілер мемлекеттік меншікте болғанымен, оларды әрі қарай бақылау мен қауіпсіз пайдалану тетіктері жеткілікті деңгейде реттелмеген.

Бесіншіден, қолданыстағы заңнамада радиоактивті қалдықтарға қатысты жекелеген нормалар болғанымен, олар әртүрлі заңдарда шашыраңқы орналасқан және бірыңғай құқықтық жүйе қалыптастырмайды. Соның салдарынан есепке алу, сақтау, тасымалдау, көму және ұзақ мерзімді бақылау мәселелерінде құқықтық олқылықтар пайда болды.

Осы аталған жүйелі мәселелер радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласында жаңа құқықтық және институционалдық тәсілдерді қалыптастыру қажеттігін айқын көрсетті.

Осы ретте радиоактивті қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз ету тек экологиялық мәселе ғана емес, сонымен қатар стратегиялық және ұлттық қауіпсіздік мәселесі болып табылады.

Айта кету қажет, заң жобасы Парламент депутаттарымен екі жылдан астам уақыт бұрын әзірленіп, Қазақстан Республикасы Үкіметімен қажетті келісулерден, сондай-ақ заңнамада көзделген барлық сараптамалардан өтті.

Заң жобасының өзектілігі Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2025 жылғы 9 қазанда Душанбе қаласында өткен «Орталық Азия – Ресей» екінші саммитінде ядролық-отын циклі және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласында Өңірлік құзыреттер кеңесін құру жөніндегі бастамасын жариялауымен одан әрі арта түсуде.

Негізгі және ілеспе заң жобаларының мақсаты қауіпсіздік, жауапкершілік, ашықтық және мемлекеттік бақылау қағидаттарына негізделген радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеудің кешенді жүйесін құру болып табылады.

Енді «Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу туралы» Заң жобасында қаралған нормаларға тоқталсақ.

Заң жобасында:

радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы негізгі ұғымдар, объектілер мен субъектілер айқындалады;

радиоактивті қалдықтардың түрлері және олардың пайда болу көздері белгіленеді;

радиоактивті қалдықтарды сақтау және көму пункттерінің құқықтық мәртебесі бекітіледі;

мемлекеттік есепке алу мен бақылау тетіктері қалыптастырылады.

Сонымен қатар мемлекеттік органдардың өкілеттіктері де нақты ажыратылған. Атап айтқанда:

Қазақстан Республикасының Үкіметі радиоактивті қалдықтарды көму пункттерін салу және жабу туралы шешімдер қабылдайды;

уәкілетті орган лицензиялау, қадағалау және мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

радиоактивті қалдықтарды есепке алу мен бақылаудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі енгізіледі.

Заң жобасының негізгі жаңашылдықтарының бірі радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі Ұлттық оператор институтын құру болып табылады. Халықаралық тәжірибе бұл модельдің тиімділігін растайды. Ұлттық оператордың болуы радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеудің бірыңғай, қауіпсіз және экономикалық тұрғыдан тиімді жүйесін қамтамасыз етуге, функциялардың бытыраңқылығын болдырмауға және қауіпсіздіктің бірыңғай стандарттарына кепілдік беруге мүмкіндік береді.

Осындай құрылымдар әлемнің көптеген елдерінде табысты жұмыс істеуде.

Ұлттық оператордың негізгі функциялары ретінде:

радиоактивті қалдықтарды жинауды, тасымалдауды және қайта өңдеуді ұйымдастыру;

сақтау және көму пункттерін жобалау, салу және пайдалану;

қалдықтарды қайта өңдеу және кондициялау;

радиоактивті қалдықтардың мемлекеттік тізілімін жүргізу;

халықаралық бағдарламалар мен жобаларға қатысу;

көму объектілеріне ұзақ мерзімді мониторинг жүргізу көзделеді.

Осылайша ұлттық оператор елдің ядролық және радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі орталық буынға айналып, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу және оларды түпкілікті көму бойынша толық әрі кешенді жауапкершілікті өзіне алады.

Заң жобасының тағы бір маңызды нормасы Қазақстан Республикасының аумағына шетелдік радиоактивті қалдықтарды әкелуге, орналастыруға және көмуге тікелей тыйым салу болып табылады. Аталған норма экологиялық егемендікті, ұлттық мүдделер мен мемлекеттің қауіпсіздігін қорғауға бағытталған.

Сондай-ақ заң жобасымен радиоактивті қалдықтарды жинау, қайта өңдеу, кондициялау, сақтау, тасымалдау және түпкілікті көму процестері, сондай-ақ тиісті инфрақұрылымды жобалау, салу және пайдалану мәселелері реттеледі.

Құрметті әріптестер! Осы заң жобасын қабылдау:

саладағы мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттыруға;

радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеудің барлық кезеңдерін ашық әрі орталықтандырылған басқаруды қамтамасыз етуге;

қалдықтарды жинақтау тәжірибесінен оларды қайта өңдеу мен қауіпсіз көмуге бағытталған жүйелі саясатқа көшуге;

халық пен қоршаған ортаны ұзақ мерзімді қорғауды қамтамасыз етуге;

Қазақстанның ядролық және экологиялық қауіпсіздік мәселелеріне жауапкершілікпен қарайтын мемлекет ретіндегі халықаралық беделін нығайтуға мүмкіндік береді.

Ілеспе заң жобаларымен Қазақстан Республикасының Экология кодексіне, сондай-ақ «Атом энергиясын пайдалану туралы», «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңдарға және «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекске өзгерістер енгізу көзделеді. Атап айтқанда:

Экология кодексінен радиоактивті қалдықтарды басқаруды реттейтін тарау алынып тасталады, өйткені бұл мәселелер осы заңмен жүйелі түрде реттеледі;

«Атом энергиясын пайдалану туралы» Заңнан көму пункттерін салу және пайдаланудан шығару мәселелері бойынша Үкіметтің құзыретіне қатысты қайталанатын нормалар алынып тасталады;

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекстен жер қойнауы кеңістігін пайдалану лицензиялары иелерінің жер қойнауы учаскелерін радиоактивті қалдықтарды сақтау және көму үшін пайдалануына мүмкіндік беретін ережелер алынып тасталады. Бұл аталған саланы құқықтық реттеудің тұтастығын, қисындылығын және жүйелілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, «Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау халықаралық стандарттар мен Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне сәйкес келетін радиоактивті қалдықтарды басқарудың заманауи, қауіпсіз әрі ашық жүйесін қалыптастырудағы маңызды қадам болатынын атап өткім келеді.

Назарларыңызға рақмет.

Сұрақтарыңызға жауап беруге дайынмын.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Құрметті әріптестер, сұрақ қою рәсіміне көшейік.

Депутат Тұмашинов Ұлықбек Шабданұлы.

ТҰМАШИНОВ Ұ.Ш. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрақтарым баяндамашыға және Атом энергиясы агенттігінің өкіліне.

Заң жобасына сәйкес радиоактивті қалдықтарды көму және олармен жұмыс істеу бойынша қызметтер көрсетуге байланысты жекелеген нормаларды іске асыру мақсатында ұлттық оператор құрылады.

Бірінші. Бұл жаңа ұйым бола ма әлде оның функцияларын қолданыстағы ұйымға жүктеу ұсыныла ма?

Екінші. Радиоактивті қалдықтарды көму жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру қалай жүзеге асырылады? Рақмет.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Сұрақтарыңызға рақмет, Ұлықбек Шабданұлы.

Бірінші сұраққа жауап берейін. Жалпы, болжам бойынша Курчатов қаласында орналасқан Ұлттық ядролық орталық ұлттық оператордың міндетін алады деген болжам бар, өйткені оның ғылыми, техникалық, инфрақұрылымдық тәжірибесі мол. Негізі бұл заң жобасында нақты бір ұйым көрсетілмеген. Бұл жерде ұлттық операторлық институт құрылады. Оны анықтау уәкілетті органның міндеті деп белгіленген.

Сондықтан осы саладағы тәжірибелерін, біліктілігін ескере отырып Атом энергиясы агенттігі ұлттық операторды таңдайды.

Қаржыландыруға қатысты сұраққа агенттік өкілі жауап берсін.

ТӨРАҒА. Агенттік өкілінің микрофонын қосыңыздар.

МАХАМБЕТОВ Ә.К. Рақмет.

Еділ Терекбайұлының сөзін жалғастыра кетейін. Қазір ұлттық оператор ретінде Ұлттық ядролық орталық қарастырылуда.

Қаржыландыру моделіне келетін болсақ, ол бойынша радиоактивті қалдықтарды дайындаушылар, түзетушілер жауапкершілік принципіне негізделген. Республикалық немесе жергілікті бюджеттен қаражат тек бұрын пайда болған немесе иесіз радиоактивті қалдықтарға тарихи мұра объектілеріне ғана көзделетін болады.

ТӨРАҒА. Депутат Сағандықова Ажар Бақытқызы.

САҒАНДЫҚОВА А.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос адресован Агентству по атомной энергии.

Как известно, в Казахстане исторически сложилась крупная уранодобывающая отрасль. Сегодня предприятия «Казатомпрома» осуществляют добычу урана в разных регионах страны, имеются хвостохранилища, объекты уранового наследия, а также значительные объемы радиоактивно загрязненных грунтов. При этом законопроектом отдельные полномочия по захоронению предоставляются национальной урановой компании, хотя в целом за захоронение будет отвечать национальный оператор.

Поясните, пожалуйста, кто будет отвечать за захоронение, не размывается ли здесь ответственность между национальным оператором и «Казатомпромом»?

ТӨРАҒА. Атом энергиясы агенттігі төрағасының орынбасары Әсет Кеңесбекұлы Махамбетов.

МАХАМБЕТОВ Ә.К. Уважаемая Ажар Бахитовна, спасибо за вопрос.

Модель, которая предусматривается в данном законопроекте, предполагает разграничение, так как в нем же предполагается включение очень низкоактивных радиоактивных отходов. Чтобы разграничить отходы, которые получаются в уранодобывающей промышленности, с другими более высокоактивными отходами, имеется это разграничение. Уранодобывающие объекты располагаются в основном в Туркестанской, Кызылординской, Акмолинской и Северо-Казахстанской областях. Чтобы снизить расходы при транспортировке большого объема низкоактивных отходов, предполагается размещение на местах образований этих низкоактивных отходов.

ТӨРАҒА. Депутат Смағұлов Бауржан Әміржанұлы.

СМАҒҰЛОВ Б.Ә. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрақтарым Ішкі істер министрлігінің өкіліне.

Заң жобасында радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу объектілерінің физикалық қорғалуын қамтамасыз ету талаптары жеке қарастырылған, алайда сіздердің бөлімшелеріңіздің физикалық қорғауға қатысуы туралы ештеңе айтылмаған. Депутаттар тарапынан заң жобасына тиісті түзетулер берілді.

Айтыңызшы, қазіргі таңда Қазақстан Республикасында мұндай объектілердің физикалық қорғалуы жалпы қалай қамтамасыз етіледі? Осы саладағы аса маңызды

объектілерді күзетуге Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының бөлімшелерін қатыстыру көздеме ме? Және депутаттардың түзетулерін қолдайсыздар ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ішкі істер министрінің орынбасары Санжар Әскенұлы, жауап беріңіз.

ӘДІЛОВ С.Ә. Құрметті Бауржан Әміржанұлы, сұрақтарыңызға рақмет.

Біз түзетулерді толық қолдаймыз. Қазіргі таңда мемлекеттік қорғауға аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілер жатады. Мұндай объектілердің тізімін Үкімет бекітеді және ол жария етуге жатпайды. Егер заң жобасында қаралған объектілер аталған тізімге кіретін болса, әрине, Ішкі істер министрлігінің құрылымдары және Қарулы Күштердің әскери қызметкерлері осындай объектілерді қорғауға алады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Пономарев Сергей Михайлович.

ПОНОМАРЕВ С.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос адресован докладчику и представителю Министерства экологии и природных ресурсов.

В обществе всегда болезненно воспринимаются любые изменения, связанные с экологическими требованиями. Сейчас законопроектом предлагается исключить ряд норм из Экологического кодекса в части радиоактивных отходов.

У людей может возникнуть ощущение, что вопросы радиоактивных отходов выводятся из экологического контроля и передаются в более закрытую отраслевую сферу.

Возникает вопрос: не приведет ли это к ослаблению экологических требований и уменьшению контроля со стороны государства? Рақмет.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Сұрағыңызға рақмет, Сергей Михайлович.

Экология кодексінің талаптары және мемлекеттік бақылау бізде әлсіремейді, керісінше, радиоактивті қалдықтар саласындағы басқару арнайы жүйелі және қатаң модельге көшеді. Радиоактивті қалдықтарды басқару бойынша қазіргі заңдағы нормалары фрагментті түрде Экология кодексінде және басқа заңдарда қарастырылған. Ал біз арнайы заң жасап, сол шашыраңқы болған нормалардың бәрін біріктіріп, сонымен қатар басқа да нормаларды енгізіп, бұл бағыттағы мәселелерді күшейтіп жатырмыз.

Атап айтқанда:

біріншіден, мемлекеттік бақылау мен лицензиялау қалады;

екіншіден, экологиялық талаптар мен радиациялық нормалардың қауіпсіздігін бақылайтын нормалар да қалады;

үшіншіден, радиоактивтік қалдықтарды басқаратын мемлекеттік бірыңғай есеп жүйесі құрылады;

төртіншіден, бұл мәселеде Үкімет шешім қабылдайды, яғни көму пункттерін ашу немесе оларды жабу мәселелері Үкіметтің құзыретінде болады, ал уәкілетті орган оны бақылау мен қадағалауды өз мойнына алады;

бесіншіден, радиоактивті қалдықтарды түзілуінен бастап көмуге дейінгі бүкіл циклге жауапкершілік күшейтіледі.

Жалпы, біз бытыраңқы болған реттеуден жүйелі, ашық және орталықтандырылған арнайы модельге көшеміз. Сондықтан бұл жерде жабық немесе әлсіреу деген мәселе болмайды, керісінше, қатаң модель болады.

ТӨРАҒА. Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Жомарт Шияпұлы Әлиев, депутаттың екінші сұрағына жауап беріңіз.

ӘЛИЕВ Ж.Ш. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сергей Михайлович, Вы правильно отметили, что часть статей, связанных с обращением радиоактивных отходов, выводится из Экологического кодекса, но эти статьи касаются классификации, агрегатного состояния этих видов отходов. При этом эти нормы уходят в отраслевое законодательство, но ни в коем случае не ослабляются функции контроля и регулирования. Все экологические требования с точки зрения получения всей процедуры и регламента проведения государственных экологических процедур, оценки воздействия и получения экологического разрешения остаются и предъявляются к объектам, связанным с использованием и обращением радиоактивных отходов.

В связи с этим у уполномоченного органа нет оснований говорить о том, что будет ослаблено государственное регулирование обращения радиоактивных отходов. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Әбдиев Ерлан Тұрсынбайұлы.

ӘБДИЕВ Е.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрақтарым Атом энергиясы агенттігінің өкіліне.

Заң жобасында жеке және заңды тұлғалардың радиоактивті қалдықтарды жинаумен, қайта өңдеумен, кондициялаумен, тасымалдаумен және сақтаумен айналысуына мүмкіндік беріледі.

Айтыңызшы, радиоактивті қалдықтарды көму кезеңіне дейін мұндай ұйымдардың қызметін реттеу қалай ұйымдастырылады? Оларға қандай талаптар қойылады және мемлекет бұл қызметті қалай бақылайды? Рақмет.

ТӨРАҒА. Атом энергиясы агенттігі төрағасының орынбасары Әсет Кеңесбекұлы Махамбетов.

МАХАМБЕТОВ Ә.К. Сұрақтарыңызға рақмет, Ерлан Тұрсынбайұлы.

Бұл талаптар атом энергиясын пайдалану жөніндегі басқа заңның шеңберінде де реттеледі. Сондай-ақ көму кезінде әзірленген тиісті құжаттамалар ұлттық операторға беріледі.

ТӨРАҒА. Депутат Жайымбетов Мархабат Жайымбетұлы.

ЖАЙЫМБЕТОВ М.Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрағым баяндамашыға және Атом энергиясы агенттігінің өкіліне.

Жаңа баяндамада «тарихи жинақталған» радиоактивті қалдықтар мәселесі айтылды. Бұл уақыт өткен сайын маңызы тереңдей түсетін өте күрделі, түйткілді және үлкен мәселе.

Бүгінде елімізде мұндай қалдықтарды түпкілікті көмуге арналған бірыңғай әрі толыққанды жүйе қалыптаспаған. Соның салдарынан радиоактивті қалдықтардың басым бөлігі әлі күнге дейін түрлі нысандарда уақытша сақталып келеді.

Жасыратыны жоқ, көптеген сақтау алаңдары кеңестік кезеңде құрылған. Ал инфрақұрылымның бір бөлігі бастапқыда ұзақ мерзімді, қауіпсіз сақтауға мүлдем жобаланбағанын білеміз.

Айтыңызшы, заң жобасында «тарихи жинақталған» радиоактивті қалдықтар мәселесі шешіле ме? Рақмет.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Сұрағыңызға рақмет, Мархабат Жайымбетұлы.

Бұл заң кешенді. Айтып отырған мәселеңіз өте өзекті. Уран саласының қалдықтары мен тарихи ядролық сынақтың кезінде түзелген радиоактивті қалдықтар елімізде бар, өте көп деп айтуға болады. Кейбіреуі иесіз, кейбіреулерінің бақылау талаптары өте төмен, бірыңғай жүйеге енбеген, мониторинг толыққанды жүргізілмеген. Сондықтан осы заңның аясында біз бірнеше норма енгіздік.

Біріншіден, Қазақстандағы бүкіл радиоактивті қалдықтардың мемлекеттік есебінің, бақылауының бірыңғай жүйесі енгізіледі.

Екіншіден, осындай «тарихи жинақталған» қалдықтармен жұмыс жасау үшін арнайы ұлттық оператор белгіленіп отыр, себебі олардың иесі жоқ.

Сонымен қатар сақтау мен көму объектілеріне ұзақ мерзімде мониторинг жүргізілетін болады. Қажет болса осы қалдықтарды түпкілікті көму үшін арнайы механизм қарастырылған, ол жаңа айтылған инфрақұрылымдарды дамыту функциялары.

Жалпы, тарихи объектілерге қатысты жауапкершілік, оларға қатысты құзыреттілік заң жобасында толыққанды айқындалған. Онымен кім айналысатыны, оны кім анықтайтыны, кім залалсыздандыратыны, қаржы қайдан бөлінетіні жөнінде барлық мәселе осы заң жобасында қарастырылған. Яғни, біз қазіргі жүйесіз, уақытша сақтау тәжірибесінен қауіпсіз, орталықтандырылған және ұзақмерзімді басқару жүйесіне көшетін механизмдерді заң жобасында қарастырып отырмыз.

ТӨРАҒА. Атом энергиясы агенттігі төрағасының орынбасары Әсет Кеңесбекұлы Махамбетов.

МАХАМБЕТОВ Ә.К. Сұрағыңызға рақмет, Мархабат Жайымбетұлы.

Еділ Терекбайұлының жауабына қоса кетейін. Осы заң жобасында сақтау және көму пункттеріне қойылатын талаптар, оларды орналастыру, пайдалану және кеңінен бақылау тәртібі жүйелі түрде реттелетіні көрсетілген.

ТӨРАҒА. Депутат Сатыбалды Ерболат Жалғасбайұлы.

САТЫБАЛДЫ Е.Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрағым Ұлттық экономика вице-министріне және Атом энергиясы агенттігінің өкіліне.

Жалпы, атом энергиясын пайдалану объектілерінің қауіптілік дәрежесі өте жоғары. Егер қателіктер орын алатын болса, оның салдары өте ауыр және ұзақ мерзімге созылатыны белгілі.

Осыған байланысты депутаттар заң жобасына мемлекеттік бақылау және қадағалауды күшейту жөнінде ұсыныстар берген еді. Соған сіздердің көзқарастарыңыз қалай, жалпы, сол ұсыныстарды қолдайсыздар ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ұлттық экономика вице-министрі Ерлан Ермақұлы Сағынаев.

САҒЫНАЕВ Е.Е. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрағыңызға рақмет, Ерболат Жалғасбайұлы.

Иә, бұл саланың ерекшелігін, қоғамдық және ұлттық қауіпсіздікті сақтау қажеттігін ескере отырып аталған өзгерістерді қолдаймыз. Қажет болса бұл мәселені екінші оқылымға дейін қосымша талқылауға дайынбыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Атом энергиясы агенттігі төрағасының орынбасары Әсет Кеңесбекұлы Махамбетов.

МАХАМБЕТОВ Ә.К. Сұрағыңызға рақмет, Ерболат Жалғасбайұлы.

Ұсыныстарды толық қолдаймыз. Ұлттық оператор осы радиоактивті қалдықтармен жұмысты реттеп, бар ахуалдарды шешуге өз септігін тигізеді деген үміттеміз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Саурықов Ерболат Байұзақұлы.

САУРЫҚОВ Е.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрақтарым баяндамашыға және уәкілетті органның өкіліне.

Радиоактивті қалдықтар мәселесі тек атом саласының мәселесі емес, бұл – халықтың денсаулығы, экологиялық және ұлттық қауіпсіздік және болашақ ұрпақ алдындағы үлкен жауапкершілік.

Заң жобасында «қауіпсіздік тосқауылы», «қалдық қоймасы», «радиоактивті қалдықтарды көму пункті» сияқты өте маңызды ұғымдар енгізілуде.

Осыған байланысты, біріншіден, радиоактивті қалдықтарды сақтау және көму қызметін экологиялық нормалау және экологиялық рұқсаттар жүйесінен шығару ұсынылады.

Сонымен қатар радиоактивті қалдықтарға қатысты бірқатар нормалар Экология кодексі мен «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексінен алынып тасталуда. Яғни, радиоактивті қалдықтар, оның ішінде қалдық қоймалары мен тарихи радиоактивті ластанған объектілер бойынша бақылау біртіндеп экологиялық құқықтық жүйеден бөлініп, толықтай атом саласының ішкі реттелуіне шоғырланып жатқан сияқты.

Екіншіден, заң жобасында ұлттық операторға және уран саласындағы ұлттық компанияға ерекше өкілеттіктер беріледі. Атап айтқанда ұлттық компанияларға

радиоактивті ластанған топырақтарды көмуге арналған көму пункттерін салу және пайдалану құқығы ұсынылады.

Осындай ерекше құқықтар берілген жағдайда тәуелсіз экологиялық бақылау, ашықтық және қоғамдық сенім қалай қамтамасыз етілетініне байланысты екі сұрағым бар.

Бірінші. Радиоактивті қалдықтарды сақтау және көму қызметін экологиялық нормалау мен экологиялық рұқсаттар жүйесінен шығару халықаралық тәжірибеге және МАГАТЭ қағидаттарына қаншалықты сәйкес келеді? Бұл өзгерістерді экологиялық бақылаудың әлсіреуіне алып келмейтініне қандай кепілдіктер бар?

Екінші. Неліктен уран саласындағы ұлттық компанияларға радиоактивті ластанған топырақты көмуге арналған арнайы өкілеттіліктер беру қажет? Бұл норма уран өндірісі мен қалдық қоймаларына қатысты бақылауды жеңілдету болып табылмай ма?

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Ерболат Байұзақұлы, сұрақтарыңызға рақмет.

Бұл жерде ешқандай тәуекел жоқ. Ол әлемдік тәжірибеде бар. Біздің жақын көршіміз Тәжікстанда да осындай агенттік құрылған. Бұл заңды атқару 2008 жылы басталған, бірақ 2009 жылы бізден кейін бастаған тәжіктер өздеріне арнайы агенттік құрды, инфрақұрылымын дұрыстады, барлық мәселелерін шешіп алды. Біз кешігіп қалдық.

Экология кодексі басқа қарым-қатынасты реттейді, ал радиоактивті қалдықтар туралы заң бұл арнайы заң, өйткені өзінің спецификалық мәселелері бар. Сондықтан бүкіл құзыреттер, жасалатын жұмыстар мемлекеттің бақылауында және лицензияланады. Ол жөнінде айтып кеттім.

Екіншіден, көмуге қатысты көп жылдарға арналған қоймалардың жобалауының өзі де экологиялық сараптамадан өтеді. Экология және табиғи ресурстар министрлігі оны қарайды, қоғамдық тыңдаулар өтеді. Қоршаған ортаға әсері бағаланады. Стратегиялық, экологиялық бағалау жасалынады. Сондықтан бұл арнайы объектілер стратегиялық және мемлекет үшін өте маңызды болғандықтан қоғаммен жан-жақты талқыланып, барлық құзырлы органдардың сараптауынан өткеннен кейін Үкіметтің шешімімен іске асырылады. Себебі бұл жер бір ұйымның меншігінде болмаса, бытыраңқы, шашыраңқы болса, оны реттеу өте қиын болады.

Жалпы, бұл әлемдік тәжірибе, МАГАТЭ комиссияларының, сарапшыларының бізге берген ұсынысы. Бұл Норвегиядағы радиоактивті қалдықтармен жұмыс жасайтын агенттіктің ұсыныстары негізінде, сондай-ақ ішкі сарапшылармен де, сыртқы сарапшылармен де жан-жақты талқыланып, бірнеше жылдардан кейін туындаған заң жобасы.

ТӨРАҒА. Депутат Баққожаев Анас Ахатұлы.

БАҚҚОЖАЕВ А.А. Көп рақмет.

Сұрағым Атом энергиясы агенттігінің өкіліне.

Заң жобасы бойынша радиоактивті қалдықтармен жұмыс істейтін ұлттық оператор құрылады. Оны құру, оны анықтау сіздердің құзыреттеріңізде. Оның жұмысын бақылау, талап қою да сіздердің құзыреттеріңізде. Бұл мүдделер қақтығысына әкеліп соғуы мүмкін ғой.

Осы жерде тәуелсіздік қалай қамтамасыз етіледі? Соны айтыңызшы. Рақмет.

ТӨРАҒА. Атом энергиясы агенттігі төрағасының орынбасары Әсет Кеңесбекұлы Махамбетов.

МАХАМБЕТОВ Ә.К. Анас Ахатұлы, сұрағыңызға рақмет.

Еділ Терекбайұлы айтып кеткендей, дүниежүзінде ондай тәжірибе бар. Енді ондай қақтығыстар болады деп ойламаймыз. Өйткені уәкілетті органда, яғни Атом энергиясы жөніндегі агенттікте арнайы Атом энергиясын қадағалау және бақылау комитеті бар. Сол комитет лицензияларды берудің және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеудің тиянақтылығы мен дұрыстығын тексеретін орган болады, яғни ол өзі шешім қабылдай алады. Сондықтан ондай қақтығыстар болмайды деген ойдамыз.

ТӨРАҒА. Депутат Арсютин Николай Геннадьевич.

АРСЮТИН Н.Г. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос адресован докладчику и представителю Министерства юстиции.

В законопроекте значительный объем ключевых требований и критериев передается на уровень подзаконных актов уполномоченного органа, включая вопрос классификации радиоактивных отходов, критериев приемлемости для захоронения, требований к безопасности, мониторинга и порядка обращения с радиоактивными отходами.

При этом именно данные нормы определяют базовые условия обеспечения экологической и радиационной безопасности населения и должны регулироваться законом прямого действия, а не ведомственными правилами.

Более того, в последние годы на государственном уровне уже неоднократно поднимался вопрос чрезмерного количества отсылочных норм. В частности, по результатам анализа Министерства юстиции в законодательстве выявлены тысячи норм, фактически передающих существенное регулирование на уровень подзаконных актов.

Вопрос: чем обусловлен перенос столь существенных вопросов правового регулирования на уровень подзаконных актов, не создает ли это чрезмерно широкие полномочия уполномоченного органа, когда любые изменения и дополнения можно вносить без Парламента и законодательных процедур? Рақмет.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Сұрағыңызға рақмет.

Мен олай деп ойламаймын, себебі бұл арнайы бағыт және бұл жерде салалық мамандардың спецификасы болады. Біз заңда төмен белсенді, орташа белсенді және жоғары белсенді деп категорияларға бөлдік, олардың градациясы бар. Ал олармен жұмыс жасау, регламентация жасау мәселелері ережелермен айқындалады. Сондықтан заңда шамадан тыс тәптіштеп нақтылаудың қажеті жоқ, оның бәрін заңға тәуелді актілерге отырғызуға болады деп есептейміз.

ТӨРАҒА. Әділет вице-министр Жақселекова Ботагөз Шаймарданқызы.

ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш. Спасибо за вопрос.

Как только что подчеркнул докладчик, с точки зрения деbüroкратизации и излишней регламентации на уровне закона отдельных положений, идет тенденция переноса части положений в подзаконные акты. При проведении экспертизы, регистрации таких ведомственных актов мы обязательно учитываем, что основополагающие вещи должны быть в законе, в случае отсутствия таковых развитие либо перенос в подзаконные акты норм, которые должны быть на уровне закона, не регламентируется в подзаконных актах. Поэтому только в развитие и детализирующие вещи переносятся в подзаконные акты. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Тұрлыханов Дәулет Болатұлы.

ТҮРЛЫХАНОВ Д.Б. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Еділ Терекбайұлы! Заң жобасының 21-бабында қалдықтарды көму пунктін салу туралы шешімді Үкімет жергілікті өкілді органдардың келісімімен қабылдайтыны көрсетілген.

Сонымен қатар 30 және 31-баптарда азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың ақпарат алуға және қоғамдық тыңдауларға қатысуға құқығы бекітілген. Алайда заң жобасында қоғамдық тыңдаулар теріс қорытынды берген жағдайда қандай шешім қабылданатыны нақты жазылмаған. Сондай-ақ халық пікірін міндетті түрде ескеру тәртібі және жоба параметрлері өзгерген кезде қоғамдық талқылауды қайта өткізу тетігі де қарастырылмаған.

Осыған байланысты халықтың қарсы пікірі немесе қоғамдық тыңдаулардың нәтижесі көму пунктін салу туралы шешім қабылдауда міндетті түрде ескеріле ме? Егер ескерілмесе, онда 5-бапта көрсетілген ашықтық қағидатының іс жүзінде нақты орындалуы қалай қамтамасыз етіледі? Рақмет.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Сұрағыңызға рақмет, құрметті Дәулет Болатұлы.

Біріншіден, көму объектісін салу өте күрделі процесс. Ол геологиялық, тектоникалық, сейсмологиялық, гидрогеологиялық сияқты көптеген мәселелерді зерттеп барып іске асатын дүние. Ол бір оңай жасала қоятын объект емес, толық кешенді зерттеуді қажет етеді.

Екіншіден, салынатын объект жергілікті билікпен келісіліп барып жасалады.

Үшіншіден, бұл қоғамдық талқылаудан өтеді. Барлық жобаның қоршаған ортаға әсерін бағалау жұмыстары да қоғамдық талқылаудан өтеді.

Қоғамдық талқылаудың мәселелері Экология кодексінде нақты реттелген, оның барлық процедурасы бар. Заңға, ережелерге сәйкес оның бәрі реттеледі.

Егер сол жердің халқы қарсы болған жағдайда объект салынбайды. Бұл аксиома. Дегенмен жаңа айтылған кешенді жұмыстар жүргізілгеннен кейін ғана Үкіметтің шешімімен іске асады.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, сонымен сұрақтарымыз аяқталды.

Еділ Терекбайұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті депутаттар, енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің мүшесі депутат Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлына беріледі.

ТҰРҒАНОВ Д.Н. Құрметті Төраға, қадірлі әріптестер! Бүгін қаралып отырған заң жобалары Парламент депутаттарының бастамасымен әзірленген болатын. Олардың негізгі өзгерістері туралы депутат Жаңбыршин баяндап берді. Мен қосымша өз тарапымнан толықтыра кетейін.

Өздеріңізге белгілі, бұл заң жобалары радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласында тұтас реттеу жүйесін қалыптастыруға, сондай-ақ экологиялық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, азаматтардың денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғауға бағытталған.

Қазіргі таңда бұл саладағы реттеу әртүрлі нормативтік актілердегі тұтаспаған нормаларға негізделген. Ал жаңа заң алғаш рет оларды бірыңғай құқықтық базаға біріктіріп, мемлекеттік саясаттың мақсаттарын, қағидаттарын және тетіктерін айқындайды.

Сонымен бірге мемлекеттік органдардың функциялары нақты бөлініп отыр. Үкімет радиоактивті қалдықтарды көму пункттерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдайтын болады. Өкілетті орган бақылауды, лицензиялауды, есепке алуды және қалдықтарды жіктеуді жүзеге асырады. Жергілікті атқарушы органдарды алсақ, олар жабылған нысандарға мониторинг жүргізетін болады.

Заң жобасы радиоактивті қалдықтарды белсенділік деңгейі, шығу тегі және өзге де сипаттамалары бойынша жіктеуді белгілейді, сондай-ақ оларды жинау, сақтау, қайта өңдеу және көмуге қойылатын талаптарды реттейді.

Жұмыс тобының отырыстарында ерекше назар лицензиялау, радиациялық және физикалық қауіпсіздік, есепке алу және төтенше жағдайларға жедел әрекет ету мәселелеріне аударылған.

Көму пункттерін пайдалану мен жабуға, саланы орталықтандырылған есепке алу мен ғылыми-технологиялық сүйемелдеуге жауап беретін ұлттық оператор институты енгізіледі.

Осы маңызды заң жобаларын әзірлеу барысында депутаттар тарапынан негізгі ұғымдарды нақтылауға, есепке алу және жауапкершілік жүйесін күшейтуге, реттеу тетіктерін жетілдіруге бағытталған 100-ден астам түзету енгізілгені туралы ерекше айтып өткім келеді.

Жұмыс мемлекеттік органдармен және сарапшылар қауымдастығымен бірлесіп жүргізілді. Жұмыс тобының он бес отырысын өткіздік, оның оны негізгі заң жобасы бойынша, бесеуі ілеспе заң жобасы бойынша. Мәжілістің барлық комитеттері оң қорытындыларын берді.

Құрметті депутаттар! Заң жобаларының қабылдануы радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеудің заманауи жүйесін қалыптастыруға, экологиялық және радиациялық қауіпсіздікті нығайтуға, сондай-ақ ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Сондықтан заң жобаларын бірінші оқылымда қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Дүйсенбай Нұрбайұлы.
Әріптестер, енді талқылауға көшейік.
Сөз депутат Бапи Ермұрат Сейтқазыұлына беріледі.

БАПИ Е.С. Рақмет, Төраға мырза.

Құрметті әріптестер! Бұл тақырып мен бастан кешкен, көрген мәселе. Әскерде жүрген кезде сүңгуір қайыққа ядролық отынды тиеу және қолданылған қалдықты қалай түсіргенін көзбен көрген адамның бірімін. Сондықтан маған бұл тақырып таңсық емес.

Заң жобасы қазіргі уақыттың талаптарына сәйкес және мемлекеттік тұрғыдан маңызды болып табылады деп есептеймін. Радиоактивті қалдықтар мәселесі болашақтың мәселесі емес, ол бүгінде ел алдында тұрған мәселе. Ол мәселені шешуді болашаққа қалдырмау керек.

Қазақстанда радиоактивті қалдықтар үлкен мөлшерде жиналып қалды және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар мен ұйымдардың қызмет қалдықтары ретінде оның көлемі әлі де өсу үстінде. Бұл ретте бүгінгі күні елде радиоактивті қалдықтарды түпкілікті көму орындары жоқ, барлық қалдықтар уақытша немесе ұзақмерзімді қоймаларда сақталуда.

Мұндай қалдықтарды сақтауды қазір 27 лицензиат ұйым қамтамасыз етуде, оның ішінде Ұлттық ядролық орталық, Ядролық физика институты, «Қазатомөнеркәсіп» кәсіпорындары, МАЭК және басқалары бар. Бірақ мұндай модель ұзақмерзімді перспективаның негізі болып қала алмайтынын түсінеміз.

Бүгінгі таңда әрбір кәсіпорын қызметі шеңберінде өз қалдықтары үшін жауап береді. Мәселен, денсаулық сақтау саласында жекеменшік клиникаларда әлсіз изотопты материалдардың қалдығын кәдеге жарату мәселесіне мемлекеттік басқару және бақылау енгізу өте қажет.

Сондықтан радиоактивті қалдықтар тек жеке ұйымдар деңгейінде түбегейлі шешілетін мәселе емес, бұған бірыңғай мемлекеттік тәсіл және түсінікті механизм қажет.

Сондықтан заң жобасы өте қажет. Бұл радиоактивті қалдықтарды әртүрлі сақтау жүйесінен неғұрлым тиімді және басқарылатын жүйеге көшіруге мүмкіндік береді.

Бұл ең алдымен халықтың қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау және бүгінгі шешілмеген мәселелердің болашақ ұрпаққа қалдырмау тұрғысынан маңызды.

Сондықтан осы заң жобасын қабылдаудың кезі келді және қажетті қадам деп есептеймін. Бұл жоба Қазақстан Республикасында радиоактивті қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу үшін неғұрлым орнықты негіз құруға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты ұсынылып отырған заң жобасын қолдауды сұраймын.
Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Базарбек Бақытжан Жұмабекұлына беріледі.

БАЗАРБЕК Б.Ж. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Мен үшін де бұл таныс тақырып. Сонау 2010 – 2011 жылдары Экология және табиғи ресурстар министрлігінің жанында Экологиялық комиссия құрып, біз Кентау қаласындағы Боялдыр, Хантағы деген үлкен радиоактивті қалдықтардың қоймаларын тексерген

болатынбыз. Сонда Хантағы, Боялдырдың радиоактивті қалдықтар желмен ұшып, экологияға, халықтың денсаулығына залал келтіріп жатқанын өз көзімізбен көргенбіз. Соның салдарынан ауырған балаларды да көргенбіз. Бұл мәселе әлі күнге дейін шешілмеген.

Иесіз қалған қалдық қоймасы, шлам қоймасы өте көп. Мысалы, Ақмола облысында уранның бірнеше кен орындарын араладық. Адамдары мезгілсіз ұйқтап қалатын ауылды сіздер білесіздер. Оның барлығы осы уран кен орындарының жанында орналасқан елді мекендер. Соның кесірінен халықтың денсаулығына зиян келуде. Қазақстан ядролық қару сынақтарынан зардап шеккен мемлекеттердің бір. Қазақстан территориясында Семей ядролық полигоны, Азғыр полигоны және басқа да полигондар жетеді.

Мысалы, Ақтау қаласының жанында «Қошқар ата» қалдық қоймасы бар. Оның мәселесін отыз жылдан бері шеше алмай келеміз. Ол да шешімін таба алмай келе жатқан проблемалардың бірі. Сондықтан бұл халық үшін, ел үшін өте маңызды заң жоба. Бұл заң жобасымен біз радиоактивті қалдықтардың қоймалары, радиоактивті қалдықтар, қалдық қоймалары, қалдықтарды сақтау пункттері деген ұғымдарды енгізіп жатырмыз. Бұл өте маңызды.

Заңгер ретінде біз заңның өте дұрыс шығуын қамтамасыз етуіміз керек. Сондықтан менің бір-екі ұсынысым бар. Бұған тырнақтың астынан кір іздеу деп қарамаңыздар, ұсыныс ретінде қараңыздар. Ұсыныстарымды Үкіметтің түсінікті тілімен орысша жеткізейін.

Статья 1 законопроекта: «Законопроект регулирует внедрение кадастра пунктов хранения, захоронения радиоактивных отходов», тогда как согласно статье 384 Экологического кодекса, нет такого понятия «кадастр пунктов хранения, захоронения». Я посмотрел сравнительную таблицу: такого понятия и таких поправок нет, выделяется только Государственный кадастр отходов. Следовательно, здесь нужно приводить в соответствие. Это первое предложение.

Второе предложение. Статья 2 законопроекта регулирует законодательство, но там нет ссылки на Экологический кодекс. Мы всегда должны опираться на требования Экологического кодекса.

Третье предложение. Глава 5 законопроекта «Права и обязанности граждан и общественных организаций в области обращения с радиоактивными отходами». Права есть, а обязанностей вообще нет. Мы должны либо исключить обязанности и назвать главу «Права граждан и общественных организаций в области обращения с радиоактивными отходами», чтобы это било с содержанием этой главы, либо дополнить обязанностями. Это важно.

Четвертое предложение. Статья 12 законопроекта классифицирует твердые радиоактивные отходы по уровню удельной активности – высокоактивные, среднеактивные и низкоактивные.

По Экологическому кодексу к низкоактивным отходам относятся отходы, удельная активность которых составляет менее 1 000 для бета-излучающих радионуклидов, а в законопроекте – от 100 до 1 000 бета-излучающих радиоактивных нуклидов. От 100 до 1 000 – это не менее 1 000, то есть из сферы регулирования выпадают отходы до 100 радионуклидов.

По Экологическому кодексу менее 100 альфа-излучающих радионуклидов относятся к низкоактивным отходам, а согласно законопроекту – от 10 до 100 альфа-излучающих радионуклидов относятся к низкоактивным отходам. Другими словами, из сферы регулирования выпадают отходы до 10 альфа-излучающих радионуклидов. Это важно. Либо мы подводим Экологический кодекс под законопроект, либо мы подводим законопроект под Экологический кодекс. Я думаю, до второго чтения мы исправим это. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы. Дұрыс ұсыныстар бердіңіз, екінші оқылымға дейін қарау керек.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Талқылау барысында заңдардың жобаларын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Осы ұсынысқа дауыс берейік.

Бірінші кезекте «Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі қаулыға дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 89, «жақтағандар» – 89. Шешім қабылданды.

Келесі кезекте «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі қаулыға дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 89, «жақтағандар» – 89. Шешім қабылданды.

Келесі кезекте «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі қаулыға дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 89, «жақтағандар» – 89. Шешім қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, келесі мәселеге көшеміз. Келесі екі заң жобасы бір-бірімен байланысты, сондықтан олар бойынша ортақ баяндама жасаған дұрыс болады деп ойлаймын.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагог мәртебесі және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне педагог мәртебесі мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының жобалары жөнінде (екінші оқылым).

Сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Әшімжанов Жанарбек Садықанұлына беріледі.

ӘШІМЖАНОВ Ж.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Бүгін екінші оқылымда сіздердің қарауларыңызға ұсынылып отырған заң жобалары депутаттық корпусының бастамасымен әзірленген, қоғамның тікелей сұранысына жауап беретін аса маңызды құжат.

Бірінші оқылымнан кейін заң жобаларын жетілдіру мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылды. Жалпы, жұмыс тобының алты отырысы және салалық министрліктер мен сарапшылардың қатысуымен комитеттің екі кеңейтілген отырысы өткізілді.

Талқылау барысында депутаттар тарапынан енгізілген түзетулер заңның қолдану аясын кеңейтіп, оның мазмұнын сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтерді.

Осы орайда қаралатын мәселелердің ауқымы мен маңыздылығын ескере отырып, заң жобасының атауын: «Педагог мәртебесі, білім беру, денсаулық сақтау және баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» деп өзгертілді.

Заң жобасының өзегі – педагог мәртебесін нақты қорғау. Ұсынылған нормалар мұғалімді артық жүктемеден арылтып, оның кәсіби еркіндігін қамтамасыз етеді. Енді педагогтердің білім алушылар алдындағы жауапкершілігі тек оқу процесі барысында ғана айқындалады. Бұл мұғалімді өзіне тән емес функциялардан қорғайды. Сондай-ақ заң жобасында қағаз және электрондық форматта қатар жүретін «цифрлық бюрократияға» заңнамалық деңгейде тыйым салынады.

Талантты мамандарды қолдау мақсатында халықаралық кәсіби шеберлік конкурстарының жеңімпаздарына жоғары оқу орындарына конкурстан тыс грант тағайындау нормасы қарастырылды.

Жалпы, білім беру ортасын реттеуде батыл қадамдар жасалды. Бұл оқушы назарын білімге аударуға және кибербуллингтің алдын алуға септігін тигізеді. Баланың өмірі, денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін ата-аналардың жауапкершілігі де кеңейтілді. Білім мен тәрбие – тек мектептің ғана емес, отбасы мен мемлекеттің ортақ ісі екені нақты айқындалды.

Заң жобасында педагогикалық және медициналық мамандықтар бойынша студенттерді қабылдау мен ауыстыру талаптары қатаңдатылды. Біз бұл салаларға ең үздік, білімді жастардың келуін қамтамасыз ету үшін күш салдық.

Сонымен қатар Қазақстан аумағында жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының еркін қызмет етуі үшін қолайлы құқықтық режим бекітілді. Бұл болашақта елімізді өңірлік білім хабына айналдырудың маңызды тетігі болмақ.

Талқылау барысында денсаулық сақтау мәселелері жеке блок ретінде енгізілді. Онда медициналық білім беруді жетілдіру, денсаулық сақтау нысандарын салу мен пайдалануда мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін тиімді қолдану нормалары қарастырылды.

Педагогтердің заңды мүдделерін қорғау мақсатында ілеспе заң жобасы аясында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілген түзетулер негізгі заңмен толық сәйкестендірілді. Бұл заңның орындалуын бақылайтын нақты тетік болмақ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың әділетті Қазақстан құру жолындағы стратегиялық бағыттарының бірі білім мен ғылымның, денсаулық сақтау саласының сапасын арттыру және маман мәртебесін қорғау болып табылады. Бұл заң жобасы сол талапқа толық жауап береді.

Құрметті әріптестер, осы айтылғандардың негізінде сіздерді аталған заң жобаларын қолдап, екінші оқылымда қабылдауға шақырамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Жанарбек Садықанұлы.

Әріптестер, бас комитеттен осы заңдарды қабылдап, Сенатқа жіберу жөнінде ұсыныс түсті. Қаулыларға жеке-жеке дауыс берейік.

Бірінші кезекте «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагог мәртебесі және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау жөніндегі қаулыға дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 88, «жақтағандар» – 87. Шешім қабылданды.

Келесі кезекте «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне педагог мәртебесі мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау жөніндегі қаулыға дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 87, «жақтағандар» – 87. Шешім қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Келесі мәселе «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен комиссиясының құрамына өзгеріс енгізу жөнінде.

Сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрайымы депутат Имашева Снежанна Валерьевнаға беріледі.

ИМАШЕВА С.В. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңының жобасы бойынша бірлескен комиссияның құрамына сайланған Ергешбаев Мұрат Нәлқожаұлының өкілеттілігін тоқтатуына байланысты орнына депутат Бейсенғалиев Берік Тұрсынбекұлын ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Снежанна Валерьевнаға сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда осы мәселе бойынша қаулыға дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 86, «жақтағандар» – 86. Шешім қабылданды.

Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Сәрсенғалиев Нартай Аралбайұлына беріледі.

СӨРСЕНҒАЛИЕВ Н.А. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Қадірлі әріптестер! Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы ұсынылып отыр.

Мемлекет басшысы 2025 жылдың 5 желтоқсанында «Алтын сапа» және «Парыз» сыйлықтарының лауреаттарын марапаттау рәсімінде «Мейірім» орденін тағайындау туралы және 2026 жылдың 21 наурызында Түркістан облысының тұрғындарымен кездесуде «Қожа Ахмет Ясауи» орденін тағайындау туралы, сондай-ақ 2026 жылдың 11 сәуірінде ғалымдарды марапаттау рәсімінде «Әл-Фараби» орденін тағайындау туралы тапсырма берген болатын. Бұл заң жобасы дәл осы тапсырмаларды жүзеге асыру негізінде әзірленді.

Осы заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Құрметті әріптестер, енді сұрақ қою рәсіміне көшейік.

Депутат Әлтай Аманжол Дүйсенбайұлы.

ӘЛТАЙ А.Д. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрақтарым Ғылым және жоғары білім министрлігінің өкіліне.

Білім және ғылым саласында, мәдениет саласында ерекше жетістіктері үшін Қазақстан Республикасына қосқан зор үлесі үшін «АІ-Ғараби» ордені тағайындалады.

Әрине, бұл бүгінгі қоғамда ғалымдарға, зиялы қауым өкілдеріне үлкен қуанышты жаңалық болып отыр.

Біздің жаңа Конституциямызда білім мен ғылым стратегиялық бағыт ретінде анықталған шақта осы «АІ-Ғараби» орденін тағайындау өте әділетті деп ойлаймын.

Жалпы, бұл Әл-Фарабиден бастап Қаныш Сәтбаевқа дейінгі аралықтағы ұлы дала төсінен түлеп ұшқан ғалымдарға деген үлкен құрмет.

Осы орайда үміткерлерді анықтау кезінде қандай бағалау тегіктері болады? Осыны ашып, анықтап айтып берсеңіз.

ТӨРАҒА. Ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Ізбасарқызы Көбенова.

КӨБЕНОВА Г.І. Аманжол Дүйсенбайұлы, сұрағыңызға рақмет.

Шын мәнінде, бұл білім ғылым саласына үлкен қолдау, мәртебе. Бұл орденмен марапаттау ережеге сәйкес жүргізіледі. Уәкілетті орган тарапынан да, Үкімет тарапынан да Мемлекет басшысына ұсыныс беріледі. Ғылым, білім, мәдениет саласында, рухани өмірде атқарған зор еңбектері, оның ішінде еңбек өтілі, ғылым, білім саласындағы жетістіктері, шәкірт тәрбиелеудегі үлестері жан-жақты қарастырылады.

Әлемдік тәжірибеде бұндай орден жоқ, тек Иран мемлекетінде гуманитарлық салада бір орден бар екен. Сондықтан бұл біз үшін, мемлекет үшін, ғалымдар үшін үлкен қолдау. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Сейтжан Кенжеғұл Социалұлы.

СЕЙТЖАН К.С. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Сұрағым Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкіліне.

«Мейірім» ордені нақты қандай азаматтарға және қандай еңбегі үшін беріледі? Заң жобасында «меценат» деп көрсетілген. Ақпарат кеңістігінде қосымша ақпарат берілгендіктен осыны нақтырақ айтсаңыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Мәдениет және ақпарат вице-министрі Айбек Жексенәліұлы Сыдықов.

СЫДЫҚОВ А.Ж. Сұрағыңызға рақмет, Кенжеғұл Социалұлы.

Заң жобасында «Мейірім» ордені азаматтарға демеушілік, филантроптық істері үшін беріледі деп көрсетілген. Ал бұның ережесін біз нормативтік құқықтық актілер аясында толық көрсететін боламыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, сонымен сұрақтарымыз аяқталды.

Нартай Аралбайұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы депутат Аймағамбетов Асхат Қанатұлына беріледі.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы! Қадірлі әріптестер! Заң жобасы Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру үшін әзірленді. Депутаттар осындай бастамашылық жасады.

Жобада бірнеше орденді тағайындау бойынша нормалар, сондай-ақ осы ордендер берілетін азаматтардың нақты санаттары айқындалып отыр.

Жұмыс тобының және комитеттің отырыстары өткізілді. Барлық комитеттер заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдап, оны Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына жіберуді ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Асхат Қанатұлы, рақмет.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Башимов Марат Советұлына беріледі.

БАШИМОВ М.С. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Уважаемые коллеги, перед нами законопроект, который направлен на переосмысление трудов предков в контексте современных реалий и повышения их популярности как внутри страны, так и за рубежом.

Учреждение новых государственных орденов Республики Казахстан «Al-Farabi», «Qoja Ahmet Yassauı» и «Мейірім» обусловлено необходимостью модернизации идеологической сферы, популяризации духовного наследия и поощрения выдающихся заслуг граждан.

Они непременно займут достойное место в иерархии государственных отличий, поощряя выдающихся граждан и иностранных специалистов, увековечат память о великих мыслителях степи, чьи идеи составляют основу духовного богатства Казахстана, а также подчеркнут важность милосердия и благотворительности в современном казахстанском обществе.

Уважаемые коллеги, призываю вас поддержать данный законопроект.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Әріптестер, бас комитеттен заңды қабылдап, Сенатқа жіберу жөнінде ұсыныс түсті. Осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 86, «жақтағандар» – 86. Шешім қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, Регламент бойынша біз 13:00-де үзіліс жариялауымыз керек. Жұмысты үзіліссіз жалғастырамыз ба?

ОРНЫНАН. Жалғастырайық.

ТӨРАҒА. Дауысқа қою қажет пе?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда жалғастыра берейік.

Құрметті әріптестер, сонымен күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарап болдық. Енді депутаттық сауалдарды жариялауға көшеміз.

Сөз депутат Дайрабаев Жигули Молдақалықұлына беріледі.

ДАЙРАБАЕВ Ж.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

«Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке. Депутаттық сауал.

Еліміздегі жер ресурстарының 80 пайыздан астамы ауыл шаруашылығы жерлеріне тиесілі, ал олардың жалпы көлемі 220 миллион гектардан асады. Оның ішінде 190 миллион гектары жайылым, 25 миллион гектары егістік, 5 миллион гектары шабындық жерлер. Алайда осындай орасан зор әлеуетке қарамастан, ауыл шаруашылығы жерлерінің сапалық жағдайы күрделі мәселеге айналып отыр. Бүгінгі таңда 100 миллион гектарға жуық жер

деградацияға ұшыраған. Оның ішінде жайылымдардың 40 пайызы тозған, егістіктің 30 пайызы эрозияға шалдыққан, ал суармалы жерлерде тұздану процесі күшейген.

Негізгі мәселе жердің тапшылығында емес, оны тиімді пайдалана алмауымызда. Мәселен, жайылымдардың тек 90 миллион гектары ғана нақты пайдаланылып отыр. Қалған жерлер инфрақұрылымның жоқтығы, су көздерінің жетіспеуі және шалғай орналасуы себепті игерілмеген. Соның салдарынан ауыл маңындағы жайылымдарға шамадан тыс жүктеме түсіп, олар тез тозуда.

Мал басының өсуін ескерсек, қазіргі таңда 32,9 миллион бас малға кемінде 130 миллион гектар жайылым қажет. Демек қосымша 40 миллион гектар жайылымды экономикалық айналымға енгізу міндеті тұр.

Егістік жерлерде де жағдай күрделі. Ауыспалы егіс жүйесі толық сақталмайды: 25 миллион гектар егістіктің тек 15 миллион гектарында ғана қолданылады. Бұл әсіресе шағын шаруашылықтарға тиесілі. Нәтижесінде топырақ құнарсызданып, өнімділік төмендеуде.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес жер деградациясы табиғи факторлармен қатар агротехникалық талаптардың сақталмауы, жайылым жүктемесінің артуы, суармалы жерлерді дұрыс пайдаланбау сияқты антропогендік себептермен де байланысты.

Тағы бір өзекті мәселе – ауыл шаруашылығы жерлерінің әр санаты бойынша нақты экономикалық құнының болмауы. Бүгінде жайылым, егістік, суармалы және шабындық жерлердің гектарына қатысты сапасы мен өнімділік әлеуетіне негізделген әділ бағалау жүйесі жоқ. Бұл жерді тиімді пайдалануға және басқаруға кері әсер етуде.

Тиянақты жұмыс істейтін фермерлер үшін де жердің нақты құнын айқындау аса маңызды, өйткені жер әділ бағаланса, оны кепілге қойып, қолжетімді несие алу жеңілдейді. Бұл шаруашылықты дамытуға және өндіріс тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты Үкіметке мынадай нақты шараларды қарастыруды ұсынамыз.

Бірінші. Шалғай жерлерде жайылымдарды игеру үшін 2026 – 2030 жылдарға арналған нақты инфрақұрылымдық бағдарлама қабылдап, құдықтар мен ұңғымалар қазу, су жеткізу, жол және электр желілерін тарту жұмыстарын қосымша қаржыландыру қажет.

Екінші. Жайылымдарды басқарудың бірыңғай цифрлық жүйесін енгізіп, әр өңір бойынша жайылым жүктемесінің шекті нормаларын бекіту және оның сақталуын қатаң бақылау керек.

Үшінші. Ауыспалы егіс жүйесін енгізуді мемлекеттік қолдаумен байланыстырып, оны сақтамайтын шаруашылықтарға қатысты шектеу шараларын, ал енгізгендерге ынталандыру тетіктерін қарастырған жөн.

Төртінші. Топырақ құнарлылығын, тұзданған жерлерді қалпына келтіру үшін мелиорация, эрозияға қарсы технологияларды енгізу бойынша мақсатты мемлекеттік бағдарлама әзірлеу қажет деп санаймыз.

Бесінші. Ауыл шаруашылығы жерлерінің әр санаты бойынша (жайылым, егістік, суармалы, шабындық) гектарына шаққандағы нақты экономикалық құнын айқындайтын бірыңғай әдістеме әзірлеу және оны жер кадастры жүйесіне енгізу керек.

Қорытындылай келе, жер ресурстарының деградациясы еліміздің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіретін стратегиялық мәселе. Бұл бағытта мемлекет бақылаушы ғана емес, нақты үйлестіруші және ынталандырушы рөл атқаруы тиіс.

Осыған орай аталған мәселелер бойынша Үкіметтің нақты шаралар қабылдауын сұраймыз.

Құрметпен «Ауыл партиясы» фракциясының депутаттары және Аграрлық мәселелер комитетінің мүшелері». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Жайымбетов Мархабат Жайымбетұлына беріледі.

ЖАЙЫМБЕТОВ М.Ж. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

«Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке. Депутаттық сауал.

Құрметті Олжас Абайұлы! Мемлекет басшысы кеше өткен Өңірлік экологиялық Астана саммитінің аясында Халықаралық Аралды құтқару қорын құрылтайшы мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысында Арал мәселесіне қатысты нақты әрі жүйелі бағыт-бағдар беріп, су ресурстарын тиімді басқару, цифрландыруды енгізу және трансшекаралық өзендер бойынша келісілген саясат жүргізудің маңызын айқындады.

Бұл елдің болашағына бағытталған байыпты саясат.

Арал мәселесі Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының үнемі назарда ұстап отырған маңызды бағыттардың бірі. Соның аясында өңірде жүйелі жұмыстар жүргізіліп, экологиялық ахуалды жақсартуға және инфрақұрылымды дамытуға бағытталған бастамалар кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Аймақта жол, су және әлеуметтік нысандардың жаңаруы жергілікті деңгейдегі жұмыстардың тұрақты түрде ілгерілеп келе жатқанын көрсетеді. Қиындығы күрделі өңірде түйткілдердің шешім табуы үздіксіз еңбектің нәтижесі. Құрғаған теңіз табанында жүргізіліп жатқан сексеуіл егу және мелиорациялық шаралар табиғи ортаны қалпына келтіруге бағытталған маңызды қадам ретінде бағаланады.

Сонымен бірге осы ілгерілеумен қатар, уақыт күттірмейтін, шешімін қажет ететін күрделі мәселелер де бар. Арал тағдыры тек табиғаттың ғана емес, тұтас әлемнің болашағына тікелей әсер ететін ортақ жауапкершілік. Дегенмен бұл бағытта еліміз тарапынан кешенді әрі ауқымды жұмыстар тұрақты түрде жүргізіліп келеді. 2002 – 2008 жылдары Дүниежүзілік банкпен бірлескен «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Аралды сақтау» жобасы аясында өзеннің өткізу қабілеті 350-ден 700 текше метрге дейін артса, теңіз көлемі 15 миллиард текше метрден 27 миллиард текше метрге дейін ұлғайды, тұздылық 23-тен 12 промиллге дейін төмендеді, балық аулау 400 тоннадан 8 мың тоннаға дейін өсті.

Қазіргі таңда жобаның екінші кезеңі қарастырылуда.

Ол Көкарал бөгетін Балтық жүйесі бойынша 42 метрден 44 метрге көтеру, дельта экожүйесін тұрақтандыру, дренаж суларын сулы-батпақты алқаптарға бұру, Қызылорда және Түркістан облыстарындағы ирригациялық жүйелерді жаңғырту жұмыстарын қамтиды. Жоба аясында 180 іс-шара жоспарланған, жалпы құны 700 миллиард теңгеден асады. Нәтижесінде Солтүстік Арал ауданы 3 мың 151 шаршы километрден 3 мың 913 шаршы километрге дейін, су көлемі 27 миллиард текше метрден 34 миллиард текше метрге дейін артады.

«AMANAT» партиясы Арал мәселесін бақылауда ұстап, Жол картасы аясындағы бастамаларды жүйелі түрде іске асырып, өңірдің экологиялық және әлеуметтік түйткілдерін шешуге бағытталған нақты жұмыстардың жүзеге асуына тұрақты түрде ықпал етіп келеді.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, құрметті Олжас Абайұлы, Арал мәселесін күн тәртібінен түсірмей, маңызды жобаларға тұрақты қолдау көрсетіп келесіз. Осыған орай төмендегі ұсыныстарға назар аударуыңызды сұраймын.

Бірінші. Солтүстік Арал теңізін сақтаудың екінші кезеңін жедел іске асырып, Көкарал бөгетін 2 метрге көтеру жобасын толық қаржыландыру және аяқтау. Осы арқылы теңізге жыл сайын кемінде 4 миллиард текше метр көлемінде кепілдендірілген су жеткізуді қамтамасыз етіп, тұздылық деңгейін 10 промилледен асырмайтын тұрақты экожүйелік режим қалыптастыру.

Екінші. Су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында ирригациялық жүйелерді жаңғырту, су шығынын азайту және су үнемдеу технологияларын енгізу бойынша мемлекетаралық үйлестіруді күшейту.

Үшінші. Траншекаралық су келісімдерін күшейту арқылы тұрақты су режимін қалыптастыру. Сондай-ақ су ресурстарын тұрақты басқару мәселелері бойынша Орталық Азия мемлекеттерімен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты күшейту.

Төртінші. Құрғаған теңіз табанында сексеуіл және тұзға төзімді өсімдіктерді отырғызу көлемін ұлғайтып, олардың жерсінуін қамтамасыз ету, тұрақты мониторинг жүргізу және шаң-тұздың таралуын азайту арқылы экологиялық және денсаулық қауіптерін төмендету.

Бесінші. Арал өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында балық шаруашылығын жүйелі түрде дамыту, су қоймаларын жаңғырту және алдағы уақытта...

РАУ А.П. Сөз депутат Перуашев Азат Тұрлыбекұлына беріледі.

ПЕРУАШЕВ А.Т. Рақмет, құрметті Альберт Павлович.

Депутатский запрос адресован Министру промышленности и строительства Республики Казахстан Е. Нагаспаеву.

«В Демократическую партию «Ак жол» продолжают поступать обращения субъектов предпринимательства по вопросам функционирования Реестра отечественных товаропроизводителей, а также деятельности апелляционной комиссии при рассмотрении обращений бизнеса.

Предприниматели сообщают о наличии системных проблем в обработке персональных данных, обороте коммерчески значимой информации и обеспечении ее надежной защиты.

В частности, предприятия указывают на чрезмерный объем запрашиваемой информации для включения в Реестр ОТП или подачи апелляции. При этом бизнес не всегда получает четкое понимание, какие именно данные действительно необходимы для принятия решений, каковы правовые гарантии их хранения и дальнейшего использования.

Все это формирует ощущение избыточного администрирования и создает риски необоснованного накопления чувствительной информации.

Особую обеспокоенность вызывает отсутствие единых и прозрачных подходов к сведениям, содержащим коммерческую тайну. Предприниматели справедливо задаются вопросами: кто именно имеет доступ к этим данным, каким образом фиксируется использование информации, насколько защищены информационные системы и исключены риски утечки либо несанкционированного распространения сведений?

Это подчеркивает особую значимость соблюдения требований информационной безопасности и конфиденциальности при функционировании государственных информационных систем и рассмотрении обращений бизнеса.

Фракция «Ақ жол» неоднократно поднимала вопрос о том, что цифровизация государственного администрирования должна сопровождаться не ростом бюрократии, а, напротив, повышением прозрачности процедур, снижением административной нагрузки и усилением гарантий защиты бизнеса.

Полагаем необходимым совершенствование деятельности апелляционной комиссии Реестра ОТП в части усиления организационных и технических мер информационной безопасности, внедрения прозрачных процедур обработки данных, обеспечения полной прослеживаемости доступа к информации, а также усиления ответственности должностных лиц за нарушение режима конфиденциальности.

Также требует дополнительной регламентации порядок доступа заявителей к материалам рассмотрения апелляций и основаниям принимаемых решений.

Учитывая изложенное, фракция Демократической партии «Ақ жол» просит сообщить:

1) какие конкретные меры принимаются апелляционной комиссией Реестра ОТП для обеспечения защиты персональных данных и коммерчески значимой информации субъектов предпринимательства;

2) какие действующие регламенты и механизмы применяются при обработке, хранении, использовании и удалении персональных данных и иной чувствительной информации, используемой при рассмотрении заявок и апелляций;

3) имели ли место за время внедрения реестра случаи нарушения режима конфиденциальности, утечки либо несанкционированного доступа к данным заявителей, какие меры реагирования были приняты по данным фактам?

С уважением, депутаты фракции ДПК «Ақ жол» А. Перуашев, Д. Еспаева, Е. Барлыбаев, Қ. Иса, С. Ерубаяев, О. Нуралдинов».

Благодарю за внимание.

РАУ А.П. Депутат Қожаназаров Айдарбек Асанұлы.

ҚОЖАНАЗАРОВ А.А. Рақмет, Альберт Павлович.

Депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан О. Бектенову.

Представьте, маленькая IT-компания из трех программистов и опасное промышленное производство платят страховку одинаково – 85 тысяч тенге в год, и это не ошибка, а таков закон. Сегодня я расскажу, почему этот закон стоит государству и бизнесу сотни миллиардов тенге.

«Система обязательного страхования работников от несчастных случаев создавалась для защиты людей, но на практике она все больше работает в интересах самих страховых компаний, а не работников и бизнеса.

В Казахстане сегодня застраховано 7 миллионов работников, 1,5 миллиона из них – офисные сотрудники (бухгалтеры, юристы, программисты, администраторы), первый и второй классы профессионального риска.

За весь 2025 год среди этих 1,5 миллиона человек произошло всего 75 несчастных случаев – один случай на 20 тысяч работников, но для них установлен такой же минимальный страховой платеж, как для предприятий с реально опасными условиями труда, где уровень травматизма выше в 146 раз.

Обычная IT-компания из трех программистов, где фонд оплаты труда составляет где-то 5 миллионов тенге в год, экономически обоснованный страховой платеж – 14,5 тысячи тенге, но по закону компания обязана заплатить 85 тысяч тенге – почти в шесть раз больше. Куда уходит эта разница? Страховым компаниям без какого-либо отношения к реальному риску для работников.

Ко мне обратился предприниматель, у которого небольшая бухгалтерская фирма, четыре сотрудницы, которые работают целыми днями в офисе. За 15 лет работы ни одного несчастного случая, каждый год он платит 85 тысяч тенге на обязательное страхование. На эти деньги он мог бы поднять зарплату сотрудникам или обновить технику. Вместо этого он является донором системы страхования, которая ему фактически никогда не понадобится. И таких предпринимателей в стране сотни тысяч.

В 2025 году страховые компании собрали 136 миллиардов тенге премий, а выплатили пострадавшим работникам только 45 миллиардов тенге – в три раза меньше, чем собрали. Вместо того, чтобы реформировать систему, государственные органы еще сильнее ужесточают ее. Если раньше за отсутствие страховки было предупреждение, то теперь штраф для малого бизнеса составляет почти 700 тысяч тенге, а для среднего бизнеса – 1,7 миллиона тенге. Штраф в восемь раз больше, чем стоимость самого полиса.

В Германии аналогичная система работает через некоммерческие отраслевые объединения. Тарифы пересматриваются ежегодно, исходя из реального травматизма в каждой отрасли. Бизнес с низким риском платит меньше, бизнес с высоким риском платит больше – это и есть справедливость.

У нас же, наоборот, чем меньше риск, тем больше переплата. Если снизить минимальный порог хотя бы до 5 МРП и внедрить риск-ориентированную модель, ежегодно можно экономить более 120 миллиардов тенге бюджетных средств, потому что около 2 миллионов застрахованных людей – это работники государственного и квазигосударственного секторов, то есть страхование сегодня оплачивается еще и из бюджета. 120 миллиардов тенге в год – это десятки новых школ, больницы, повышение заработных плат бюджетникам, дороги и инфраструктура в регионах.

Если же реформу отложат до 2030 года, как следует из ответа АРРФР на наш предыдущий депутатский запрос, то государство переплатит еще минимум 480 миллиардов тенге.

Возникает вопрос: почему при настолько очевидном перекосе система продолжает работать в интересах страховых компаний, а не работников бизнеса и государства?

В этой связи фракция партии «Respublica» направляет настоящий депутатский запрос и просит:

- 1) представить расчеты Министерства финансов и АРРФР по переходу на полноценную риск-ориентированную модель обязательного страхования сотрудников;
- 2) опубликовать структуру доходов и расходов страховых компаний по страхованию сотрудников за последние три года. Бизнес и работники имеют право знать, куда уходят их деньги;
- 3) пересмотреть минимальный размер страховой премии с учетом реального уровня профессионального риска;
- 4) исключить необоснованную финансовую нагрузку на малый бизнес и офисные компании.

Где риск минимальный, там и платеж должен быть минимальным, сегодня у нас все наоборот. Страхование должно защищать работника, а не маржу страховщика. Спасибо за внимание.

РАУ А.П. Сөз депутат Әуесбаев Нұрлан Сатыбалдыұлына беріледі.

ӘУЕСБАЕВ Н.С. Рақмет, құрметті Альберт Павлович.

«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі Ж.Д. Сүлейменоваға. Депутаттық сауал.

Құрметті Жұлдыз Досбергенқызы! Депутаттық сауалымыз «Жетім көрсең, жебей жүр» демекші тағдырдың тәлкегімен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың мәселесіне қатысты болып отыр.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңның 14-1-бабында көрсетілгендей, балалардың меншігінде тұрғын үй мен өзге де мүлік бар болса, оны сату немесе басқа да мәміле жасау тек қамқоршылармен жүзеге асырылатыны белгілі. Ең бастысы баланың құқықтары толық қорғалуы міндетті.

Осыған сай сатудан түскен қаражат немесе сатып алынатын жаңа баспана мен мүлік толықтай баланың атына рәсімделуі тиіс. Алайда бізде бұл талап толықтай сақталмайтыны тәжірибеде жиі кездеседі. Мәселе артық бюрократиялық кедергілер мен істің формалды түрде жүргізілуінде болып отыр.

Қазіргі қолданыстағы заңда мұндай мәмілелерді рәсімдеу тәртібі нақты көрсетілмеген, сондай-ақ рәсімделуі тиіс құжаттардың нақты тізбесі де белгіленбеген екен.

Осының салдарынан жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығына негізделген Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сүйеніп, іс жүргізуге мәжбүр. Бұл баланың болашағы үшін үлкен тәуекел болып отыр.

Келесі мәселе. «eGov» порталында кәметке толмағандардың мүлкіне қатысты мәмілелерге анықтама беру үш жұмыс күні ішінде онлайн түрде рәсімделетіні көрсетілген. Қажетті құжаттар тізімінде, соның ішінде 10 жасқа толған баланың келісімі мен пікірін электронды көшірме негізінде ұсыну талап етіледі. Алайда бұл пікірдің қалай рәсімделуі керектігі ашық дереккөздерде нақты айтылмаған.

Қолданыстағы қағидаларға сәйкес құжаттар тексерілгеннен кейін төрт жұмыс күні ішінде қызмет көрсетуші орган баламен әңгімелесу өткізіп, оның пікірін рәсімдейді. Әңгімелесу ата-анасының немесе заңды өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі. Егер бала шетелде тұратын болса, әңгімелесу ғаламтор жүйесіндегі мессенджерлер арқылы өткізіледі. Қазіргі цифрлық технологиялар дамыған заманда бұл тәсіл өрескел қателік, тіпті қауіпті екені айтпаса да түсінікті болар.

Тіпті мүлікке байланысты мәміле заң талаптары негізінде жасалды деген күннің өзінде сатып алудан кейін мүліктік әрекет пен сатудан түскен қаражаттың мақсатты пайдаланылуы мүлде бақылауға алынбай, сол күйі қадағалаусыз кететіні қатты қынжылтып отыр. Соның салдарынан кәмелетке толмағандардың құқықтары қорғалмай, жетім жебеусіз қалып жатқан жағдайлар туралы азаматтардың шағымдарын әлеуметтік желілерден жиі көріп жүрміз. Бұл енді біздің заңымыздың олқылықтары екенін мойындаймыз. Дегенмен арнаулы министрлік мәселеге мән беріп, арнайы жұмыс жүргізгені абзал болмақ.

Осы тұста тағы бір күрделі жағдай төңірегінде айта кеткен жөн. Қамқоршылық органдары екінші ата-ананың немесе қамқоршының наркологиялық не психиатриялық есепте тұрған-тұрмағанын, жұмысының немесе жеке баспанасының бар-жоғын толық түрде заң талаптары негізінде тексермейді. Сондай-ақ көршілерден немесе өзге де құзырлы органдардан отбасының әлеуметтік және психологиялық ахуалы туралы мәліметтер жинамайды. Жинаса да бұл іске үстіртін қарауды әдетке айналдырған. Тіпті қамқорлыққа алушы тұлғаның басындағы жылжымайтын мүліктің иеліктен шығарылу-шығарылмауына байланысты да толыққанды ереже не бақылау жоқ.

Осы айтылғандарға байланысты біз төмендегіні ұсынамыз:

бірінші – кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау мақсатында жылжымайтын мүлікке қатысты мәмілелерге бақылауды күшейту;

екінші – анықтамалар алу процесіндегі артық бюрократиялық кедергілерді азайтуды және оларды рәсімдеудің нақты қадамдық нұсқаулығын ашық қолжетімді ету;

үшінші – жылжымайтын мүлікті сатып алу мен сатудан түскен қаражаттың бақылауда болуы, баланың тұрғын үймен міндетті түрде қамтамасыз етілуіне бағытталуын бақылау тетіктерін әзірлеуді талап етеміз.

Құрметпен Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы фракциясының депутаттары Н. Әуесбаев, А. Рақымжанов, А. Сағандықова, Н. Сайлаубай». Рақмет.

РАУ А.П. Сөз депутат Ескендіров Мұқаш Зұлқарнайұлына беріледі.

ЕСКЕНДІРОВ М.З. Көп рақмет, құрметті Альберт Павлович.

Депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан О. Бектенову.

«Уважаемый Олжас Абаевич! На форуме работников сельского хозяйства в 2024 году Глава государства отметил: «Актуальная проблема отечественного агросектора – недостаточное использование минеральных удобрений. Важно снизить импортозависимость, так как отечественное производство удобрений обеспечивает лишь половину спроса сельского хозяйства».

Потребность внутреннего рынка в минеральных удобрениях составляет более 2,3 миллиона тонн в год. Отечественные производители удобрений – ТОО «Казфосфат» и АО «Казазот» – обеспечивают лишь часть внутреннего спроса.

Так, производственная мощность компании «Казазот» составляет порядка 330 тысяч тонн аммиачной селитры, из них на внутренний рынок фактически в прошлом году поставлено всего 170 тысяч тонн. Мощность ТОО «Казфосфат» составляет 1 миллион тонн аммофоса, при этом, по итогам 2025 года, произведено 748 тысяч тонн, из которых на внутренний рынок направлено 186 тысяч тонн, свыше 500 тысяч тонн было экспортировано. За первый квартал 2026 года компанией «Казфосфат» поставлено на внутренний рынок всего 27,8 тысячи тонн.

Все это приводит к росту импорта минеральных удобрений. В 2023 году было импортировано всех видов удобрений 552 тысячи тонн, в 2025 году – 700 тысяч тонн. Это усиливает влияние мировых цен на доступность продукции на внутренний рынок.

На ценообразование на минеральные удобрения, кроме экономических факторов, влияет и мировая политическая ситуация. Закрытие Ормузского пролива в течение одного месяца привело к тому, что мировые цены на минеральные удобрения увеличились в два раза.

Хотелось бы привести некоторые статистические данные по внесению удобрений за 2024 – 2025 годы:

среднее внесение действующего вещества в мире на гектар пашни составляет 150 – 160 килограмм, в том числе в Китае и Вьетнаме – 350 – 460 килограммов, Евросоюзе – 140 – 180 килограммов, США и Бразилии – 130 – 150 килограммов, Беларуси – 180 – 200 килограммов, России – около 70 килограммов, Казахстане – 25 – 30 килограммов, Узбекистане – 200 килограммов.

Несмотря на указанные внешние и внутренние факторы, наши производители обеспечивают аграриев Казахстана без существенного роста цен.

Другим сдерживающим фактором развития производства удобрений в Казахстане является ограниченный доступ отечественных производителей к сырью – это сера и природный газ. Например, ТОО «Тенгизшевройл» осуществляет поставки серы предприятиям АО «ФНБ «Самрук-Қазына» для производства серной кислоты сроком до 2031 года по льготным ценам (от 38 тысяч до 57 тысяч тенге за тонну), а для производителей минеральных удобрений – ТОО «Казфосфат» и ТОО «Еврохим-Каратау» – сера отпускается по цене от 85 до 164 тысяч тенге за тонну. Вследствие этого возникает необходимость установления единого подхода ценообразования на серу для внутренних потребителей – как для производителей серной кислоты, так и для производителей фосфорсодержащих и серосодержащих азотных удобрений.

В результате роста мировых цен и зависимости от импорта, дисбаланса в обеспечении сырьевыми ресурсами снижается доступность удобрений на внутреннем рынке, сокращаются объемы внесения удобрений в сельском хозяйстве, что негативно влияет на продовольственную безопасность страны.

В связи с вышеизложенным просим предоставить информацию о разработанных Правительством системных мерах:

по формированию государственной политики в сфере развития агрохимии;

по обеспечению отечественных производителей удобрений стратегическим сырьем (серой и природным газом), в том числе по специальным ценам;

по созданию новых производств и обеспечению внутреннего рынка для замещения импортных минеральных удобрений.

С уважением, депутаты фракции партии «АМАНАТ» М. Искандиров, К. Балабиев, М. Жайымбетов, Н. Байтилесов».

Большое спасибо.

РАУ А.П. Депутат Казанцев Павел Олегович.

КАЗАНЦЕВ П.О. Рақмет.

Депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан О. Бектенову.

«Уважаемый Олжас Абаевич! В Казахстане наблюдается низкий уровень вовлеченности подземных вод в хозяйственный оборот. Фактическое использование разведанных запасов не превышает 3,6 процента. Особенно остро данная проблема проявляется в сфере орошения земель, где используется менее 1 процента от доступных запасов. При этом сельхозтоваропроизводители сталкиваются с серьезной нехваткой поливной воды. В этой связи подземные воды Правительством резонно рассматриваются как ключевой резерв для развития сектора.

Налоговым кодексом при предоставлении права недропользования установлено взимание подписного бонуса как обязательного единовременного платежа. Данная норма носит универсальный характер и применяется ко всем недропользователям независимо от вида осуществляемой деятельности, условий реализации проектов, а также уровня получаемых доходов. На практике разрыв в объемах доходов между недропользователями является значительным, однако обязанность по уплате подписного бонуса возлагается на них в равной степени.

Вместе с тем действующая система налогообложения сдерживает активное использование подземных вод. В Налоговом кодексе ставка налога на добычу подземных вод для сельхозтоваропроизводителей составляет 0,003 МРП за 1 кубометр, что эквивалентно 13 тенге. Указанный уровень налоговой нагрузки является весьма существенным для целей орошения.

Дополнительно следует учитывать значительные затраты на электроэнергию, необходимую для подъема воды насосами, которые составляют от 21 до 43 тенге за 1 кубометр, что в совокупности с налоговыми платежами формирует себестоимость воды до 56 тенге за кубометр.

Для сравнения: тариф РГП «Казводхоз» на подачу поверхностных вод составляет в среднем порядка 1,16 тенге за кубометр. Разница почти в 50 раз.

Правилами субсидирования стоимости услуг по подаче воды сельхозтоваропроизводителям предусмотрено увеличение господдержки при применении водосберегающих технологий до 60 – 85 процентов тарифа. Однако указанные меры не компенсируют в достаточной мере высокую стоимость добычи подземных вод.

В целях стимулирования их рационального использования, легализации водопользования и расширения налоговой базы представляется целесообразным снижение ставки платы за забор подземных вод для сельхозтоваропроизводителей, применяющих водосберегающие технологии, а также пересмотр действующих фискальных механизмов, включая отмену или уменьшение подписного бонуса, предусмотренного законодательством о недропользовании.

Учитывая изложенное, просим Вас поручить министерствам национальной экономики, финансов, водных ресурсов и ирригации, Агентству по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан рассмотреть вопрос о внесении соответствующих поправок в Налоговый кодекс Республики Казахстан в части снижения налоговой нагрузки на добычу подземных вод для целей орошения.

Реализация этих мер позволит создать экономические стимулы для эффективного использования водных ресурсов, повысить уровень их учета, сократить теневой оборот водопотребления, а также обеспечить устойчивое развитие агропромышленного комплекса в условиях нарастающего дефицита водных ресурсов.

С уважением, депутаты Комитета по аграрным вопросам Мажилиса Республики Казахстан». Рақмет.

РАУ А.П. Депутат Савельева Татьяна Михайловна.

САВЕЛЬЕВА Т.М. Большое спасибо, Альберт Павлович.

Депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан О. Бектенову.

«Уважаемый Олжас Абаевич! Депутатами «АМАНАТ» на основе результатов госаудита и данных заинтересованных госорганов проведен анализ деятельности АО «Фонд проблемных кредитов» в сфере управления стрессовыми активами и эффективности использования бюджетных средств.

Меры, реализованные через ФПК, безусловно, внесли определенный вклад в поддержание устойчивости банковского сектора в посткризисный период. Однако текущая модель функционирования данной структуры требует коренного пересмотра ввиду следующих системных факторов.

Первое. Созданный в 2012 году как временный антикризисный инструмент ФПК продолжает функционировать без четких сроков завершения деятельности. Согласно международной практике, подобные структуры носят временный характер и имеют ясный план поэтапного выхода государства из капитала. Текущий статус ФПК как бессрочного квазигосударственного оператора искажает рыночные механизмы и препятствует развитию частного рынка стрессовых активов.

Второе. По данным Высшей аудиторской палаты, несмотря на отчетные показатели, эффективность управления активами остается низкой. Значительная часть доходов долгое время не перечислялась в Национальный фонд и бюджет, а аккумулировалась в распоряжении ФПК, что является недопустимым.

